



Құрылтайшы және
шығарушы:
«Қазақ газеттері»
Жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
Төрағасы —
Бас директор
Жұмабек
КЕНЖАЛИН

Бас редактор
Қуандық Түменбай

Бас редактордың
орынбасары —
жауапты хатшы
Жарас Сәрсек

Редакция алқасының
мүшелері:

Арман Қырықбаев
Бектұр Төлеуғалиев
Динар Нөкетаева
Мереке Құлкенов
Нұрлан Оразалин
Өмірәлі Қопабаев
Сағатбек Медеубекұлы

Техникалық редактор
Жұмағазы Омарұлы



Ұлт жоспары — нақты 100 қадам

ЖАҢА ЗАҢ - ЖАҢА ТӘРТІПТІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Серік БЕРДІБЕКОВ,

Маңғыстау облысы
Маңғыстау аудандық
сотының судьясы

Елбасының «Ұлт жоспары» «Нақты 100 қадам» бағдарламасы аясында көптеген жаңа заңдар қолданысқа еніп, ағымдағы жылдан бастап күшіне енді. Соның бірі 2016 жылдың қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген жаңа Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексте өз алдына жаңадан оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тарауы белгіленген.



Азаматтық істерді аз уақытта, жан-жақты толық қарау үшін аталған іс жүргізу тәртібіндегі осы аталған институттың орны ерекше. Азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған



құқықтары мен заңды мүдделері уақытында сотта қорғалып, шешім қабылдау мерзімі негізсіз созылмауы тиіс. Қазіргі уақыта азаматтық іс жүргізудің алға қойған мақсаттары мен міндеттерінің бірі сотта істі қараудың тиімділігін арттыру, уақытты үнемдеу болып табылады.

Осы азаматтық іс жүргіздегі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізудің ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, судья істерді арыз қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарайды. Істерді оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарау мерзімі ұзартылуға жатпайды.

Сот егер:

- 1) тарап бұл туралы өтінішхат берсе;
- 2) үшінші тұлғаның іске кіруі туралы өтінішхаты қанағаттандырылса;
- 3) қарсы талап қою қабылданса;
- 4) осы іс бойынша қабылданған сот актісімен басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері бұзылуы мүмкін болса;
- 5) дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәның айғақтарын тыңдау қажет болса;
- 6) қосымша мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу қажет болса істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қарау туралы ұйғарым шығарады.

Істі талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қарау туралы ұйғарымда іске қатысатын адамдар жасауға тиіс әрекеттер мен осы әрекеттерді жасау мерзімдері көрсетіледі. Іс осы Кодексте

тиісті санаттағы істер үшін белгіленген мерзімдерде қаралуға тиіс. Істі қарау мерзімі талап қою арызы алғаш қабылданған күннен бастап есептеледі.

Мынадай:

1) егер талап қою бағасы заңды тұлғалар үшін – жеті жүз айлық есептік көрсеткіштен, жеке кәсіпкерлер, азаматтар үшін екі жүз айлық есептік көрсеткіштен аспаса, ақша сомаларын өндіріп алу туралы талап қою арыздары бойынша;

2) талап қою бағасына қарамастан, талап қоюшы ұсынған, жауапкердің ақшалай міндеттемелерін белгілейтін құжаттарға және (немесе) шарт бойынша берешекті растайтын құжаттарға негізделген талап қою арыздары бойынша;

3) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;

4) «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен нотариус куәландырған дауды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;

5) тараптардың тапсырма шарты бойынша адвокаттың немесе адвокаттар мен тараптардың қатысуымен «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес партисипативтік рәсім тәртібімен жасалған дауларды реттеу туралы келісімдерді орындау туралы;

6) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған кәсіпкерлік,



инвестициялық қызметке байланысты даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

7) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған сақтандыру даулары және банктік қарыз шарттарынан туындайтын даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

8) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

9) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған зияткерлік меншікке құқықтарды қорғау саласындағы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

10) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған неке-отбасылық қатынастар саласындағы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

11) азаматтың абыройына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне және заңды тұлғаның іскерлік беделін түсіретін мәліметтерді теріске шығаруды не бұқаралық ақпарат құралында жауапты жариялау туралы даулар бойынша келісімдерді орындау туралы;

12) заңда белгіленген немесе шартта көзделген жағдайларда дауларды сотқа дейін реттеу тәртібімен жасалған өзге де келісімдерді орындау туралы істер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде санамаланған талап қою талаптары оларды оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу

тәртібімен қарау көрсетілмей қойылған кезде олар осы тараудың қағидалары бойынша қаралады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодекстің 146-бабына сәйкес

1. Талап қою арызы нысаны мен мазмұны бойынша осы Кодекстің 148 және 149-баптарының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Сот талап қою арызын іс жүргізуге қабылдау туралы ұйғарым шығарады, онда істің оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатындығын көрсетеді.

3. Сот тараптарды хабарландырып, жауапкердің өзі негіздейтін құжаттар мен дәлелдемелерді қоса беріп, он бес жұмыс күні ішінде талап қою арызына пікір (қарсылық) ұсынуы үшін мерзім белгілейді. Пікірге (қарсылыққа) оның көшірмелері талап қоюшыға жіберілгенін растайтын құжат қоса беріледі.

4. Сот белгілеген мерзім өткеннен кейін сотқа келіп түскен пікір (қарсылық), дәлелдемелер және өзге де құжаттар, егер тарап оларды сот белгілеген мерзімде ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе және олар сот шешім шығарғанға дейін түссе, қабылданады.

5. Пікірді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін сот белгілеген мерзімдер өткеннен кейін сот тараптарды шақырмай істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарайды.

6. Сот тараптар ұсынған құжаттарда баяндалған түсініктемелерді, қарсылықтарды және дәлелдемелерді зерттейді және шешім қабылдайды.

7. Істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарау кезінде осы



Кодекстің сот мәжілісінің хаттамасы жүргізілмейді, істі қарау кейінге қалдыру қағидалары қолданылмайды.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын іс бойынша қысқаша шешім шығарылады, ол осы Кодекстің 19-тарауында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс. Сот шешімінің көшірмелері тараптарға оның алынғанын тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдары пайдаланыла отырып жолданады не шешім шығарылған күннен бастап түпкілікті нысанда бес жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны

туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімнің күшін жою туралы арыз осы баптың екінші бөлігінде көзделген талаптар ескеріле отырып, осы Кодекстің 21-тарауында белгіленген қағидалар бойынша қаралады.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен тараптар ұсынған құжаттар бойынша тараптарды шақырмастан, осы Кодекстің 277, 279-баптарында белгіленген негіздер бойынша іс жүргізу тоқтатылуы, арыз қараусыз қалдырылуы мүмкін.



• Айтулылар айтқан сөз

**Мен сахнада 25 мың көрерменмен
сүйсінемін, бірақ үйге жалғыз қайтамын.**

**Дженис ДЖОПЛИН,
америка әншісі**



Айжан ҚОЖА-АХМЕТ

1993 жылы туған, әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дің филология факультетін бітірген. Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты.



ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН АНА ТІЛІМІЗ

Уақыт әсері адамның сөйлеп жүрген тіліне де тиеді. Тілдегі кейбір сөздерге түрлі себептермен балама (синоним) сөз пайда болғанда, бұрынғы сөз бірте-бірте қолданыстан шығып қалады. Мұндай ескірген сөздер әдетте өткен замандар туралы шығармаларда ғана қолданылып, оған түсініктеме беріледі. Мағынасы түсініксіз бола тұра кейбір көнерген сөздердің әлі де қолданыста болуының себебі – жаңа синонимімен қосарлана, қос сөз түрінде айтылуынан. Бір сыңарының немесе екі сыңарының да мағынасы көмескі я мүлде ұмытылған қос сөздер жайын қазақ тілінің мамандары зерттеп, өз пікірлерін айтып келеді.

Жеке айтылғанда мағынасы қазіргі жұртшылыққа түсініксіз сөздер тіліміздегі фразеологиялық (тұрақты сөз тіркестері) сөздерде де кездеседі. Мысалы, «**міз** бақпайды», «тілі **мірдің** оғындай», «**үр** жаңа», «**суқаны** сүймеді», «беті **аймандай** болды» сөз тіркестеріндегі қарайтылған сөздерді ел түсінсе де түбіне үңілмейді. Санамызда белгілі

бір тұрақты мағынаға ие болып қалыптасып қалғандықтан, тіркес түрінде қолдана береміз. Ал кейбір: «сөз саптады», «ортан қолдай», «судай жаңа», «арасынан қыл өтпес дос (қылдай дос)», «шіріген бай», т.б. сияқты, шын мәнінде түсініксіз сөзі бар фразеологизмдерге, тіптен, өзімізге түсінікті мағыналар беріп қойғанбыз. Бұған көз жеткізу үшін І.Кеңесбаевтің «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен» (қысқаша І.К.) бірнеше мысалды талдап көрелік.

1. СӨЗ САПТАДЫ

І.К.: **Сөз саптады** Жүйелі сөйледі; **Сөз саптауы** (саптасы) Айтар ойы, емеуріні деген мағынада.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (ҚТТС): **САП** – пышақ, балта, қамшы, т.б. құралдардың қолға ұстайтын жері. **САПТА** І Белгілі бір құралға сап жасау; **ІІ Сөз саптады** – сөз құрастырды, сөз айтты.

Ал «Көне түрк сөздігінде» (ДТС): **SAB** - слово, речь: табғаш бодұн сабы сүчiг, ағызы



йымшақ ерміш (табғаш халқының сөзі тәтті, асыл заттары жұмсақ келеді) (Көлтегін «кіші жазуының 5-жолы); **SAB ID** (сөз ет, сөз айт) - сообщать, говорить: sab ança idmis – он так сказал (Тоныкүк еск. 9-жол)- деген мысалдар келтірілген.

Ертеде «сөз» – саб делінсе, ал «сап, саптау» оған омоним болмаған. ДТС-да: **SAP**ручка, рукоятка делініп, М.Қашқаридан: «Оғлан іші іш болмас, оғлақ мұңзі сап болмас» (Баланың ісі іс болмас, лақтың мүйізі сап болмас), ал **SAPLA** (сапта) сөзіне: «Ер қылыш саплады», – деген мысалдар берілген.

Сонымен, шын мәнінде, «сөз саптады» фразеологизмінің мағынасы «сөз сөйледі» (саб саблады) деген екі синоним сөздерден тұрады екен.

2. ОРТАН ҚОЛДАЙ

І.К. **Ортан қолдай** - Мына деген мықты, жарамды. Көлігін, жылы шанасын, жол азығын, қос аттарын шетінен ортан қолдай қып сайлап алды (М.Әуезов); Ортан қолдай төрт ұлы болды – шетінен қасқыр (Б.Майлин).

Анатомиялық мүше ретінде екі қол – оң қол мен сол қол болатыны белгілі, ал «ортан қол» деген не?

«Тұңғыс-манжұр сөздерінің түсіндірме сөздігінде» (ТМС):

ГОЛО бревно (бөрене)

Эвен, Орок тілдерінде **гол, голо** – 1. дрова, дерево, бревно; 2. основные бревна-поленья в костре», - делінген.

Міне, осы, от жаққанда негізгі, ортадағы ағаш та гол, голо аталуынан бұл сөз «ортадағы, орталық» деген мағынаға да ие болғанын көреміз. Ендеше қазақ тіліндегі «ортан қолдай» деген сөз тіркесі «ортаңғы ағаштай» дегенді білдіреді. Тіліміздегі «қолағаш» сөзі де ағаш екен.

3. СУДАЙ ЖАҢА

І.К. **Судай (су) жаңа** «Жап-жаңа; Ұсталмаған, жұмсалмаған соны нәрсе атаулының бәріне қолданылады» делінген. (І.К.

«Сөздігінде» фразеологизмді құраған сөздердің этимологиясы емес, жалпылама мағынасы ғана түсіндірілгенін көреміз).

Қ. Бегмановтың «Этнографпен әңгіме» кітабында Ж.Бабалықов: «Су жаңа – ағын су әр сәт сайын бір сызық үстінен жаңарып өтіп жатады. Су табиғатының сәт сайын жаңа ағысын өткізіп, сол сәттің үздіксіз қайталануы «су жаңа» сөзін тудырған», – депті.

Көне түркі тілінде «су-есән» (су-есен) қос сөзі бар. ДТС-да **SU** қытай сөзі екені айтылып «ожить, воскреснуть» – деп түсіндіріледі. Бұл қазақшада «жаңғырған», «жаңарған», «қайта қалпына келген» дегенге саяды. І.К. мұны «жап-жаңа» қайталама қос сөзімен түсіндірсе, шын мәнінде, бұл қытайдың «су» (жаңғырған, жаңарған) және онымен синоним қазақтың «жаңа» сөзінен тұратын қосарлама қос сөзі болмақ. Алайда қытайдың «су» сөзін қазақ тіліндегі «су» деп ойлап, екі синоним сөзден тұратын «су-жаңа» қос сөзін «судай жаңа» фразеологизміне айналдырып алыппыз.

4. ТЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗ

І.К. **Телегей теңіз** Көп, мол деген мағынада. Жетім-жесір, қарып-қасердің телегей теңіз жасын көрерім қалды ма? (М.Әуезов).

Көне түркі ескерткішінде «талуй-өгуз» қос сөзіндегі талуй, талай сыңарын қазірде үлкен, кең, даладай, далиған сияқты сын есім сөздер ретінде қолданудан тілімізде «телегей теңіз» тұрақты тіркесі жасалған. Қос сөз түрінде қазірде қолданыста жоқ. Ал «Ұйғырдың заң құжаттары» (Usp) көне ескерткішіндегі «талуй-өгуз» қос сөзін ДТС «океан-море» деп, жеке жазылған «талай, талуй» сөзін де «океан, море» деп аударған. Көлтегін «кіші» жазуында: *ilgaru santun jaziqa tegi sulədim taluiqa kiçig tegmadim* (Ілгері, Шантун жазығына дейін шеруледім, теңізге кішкене тимедім (жетпедім)) – делінген. «Оғыз-намадағы»: «Мұнда Етіл мүрән деген бір талай бар ерді» сөйлемінен «талай» сөзі мол суға, үлкен өзенге де қатысты қолданылатынын



көреміз. Монғол тілінде бұл сөз «далай» деп айтылады. Қазақтың «даладай кең, далиған» сөздері осы «талай, талуй, далай» түбірінен болса керек. Ендеше «телегей теңіз» фразеологизміне айналдырып алғанымыз теңіз-өзен, мұхит-теңіз деген мағыналас сөздерден тұратын қосарлама қос сөз екен.

5. ҚЫЛ ӨТПЕС ДОС

І.К. **Қыл өтпейді; Араларынан қыл өтпейді.** Балдай тату, ынтымағы бір, достығы берік» - деп түсіндірілген.

Алайда мағынасын қысқа айтсақ – «достық». «Араларынан қыл өтпес дос» деп те айтылады. Неге «ине өтпес, ауа өтпес», т.б. деп айтылмайды деген сұрақ туады.

Сөйтсек бұл фразеологизмдегі «қыл» сөзі қазақша емес, мағынасы «дос, жолдас» дегенді білдіретін араб тіліндегі «хыл» сөзі екен. ДТС: **XIL** (араб.) друг, сподвижник, помощник», - деп түсіндіреді. Сондай-ақ **XIL QOLDAS** қос сөзі болғаны көрсетіліп, Ж.Баласағұннан: turup barsa evka xilin qoldasin / özi birlә jetursa asin (тұрып барса үйге хылын-жолдасын өзімен бірге жеткерсе асын)» мысалы келтірілген.

ҚТТС-да: **ҚЫЛ** Жалдың, құйрықтың жіңішке әрі ұзын бір талы. **Қылдай бөлді** – бірдей етіп, тепе-тең бөлді; **Қылдан тайды** – жаңсақ кетті, жаңылды.

Меніңше бұл арада да арабтың «хыл» (дос) сөзі қолданылып, **Қылдай бөлді** – достарша (әділетті) бөлісті; **Қылдан тайды** – достықтан тайды, айныды» деген мағынада айтылса керек.

6. ОТТАМАЙ ОТЫР!

І.К. **Оттамай отыр!** кейіс сөз. Не болса соны соғып сөйлемей отыр!

Бүгінде көпшілік осы фразеологизмді кейіс сөз ретінде білгенімен сөз түбірінің мағынасы ұмытыла бастаған.

ҚТТС: **ОТ** І. Қызуы аса күшті алаулаған жалын; **ОТ** II Малға азық боларлық шөп.

Тіліміздегі «отты-сулы» (от-суы) қос сөзіндегі бірінші сыңарды қазіргі жұрт «жанатын от» деп түсінеді. Ал «оты мен суы мол», «малды отқа жібер» десек түсінуі неғайбыл.

ДТС: **ОТ** трава, зелень: Атқа от бергіл – дай лошади травы; От өнді – трава выросла; **ОТЛА** пастись: Ат отлады – лошадь паслась – деп, М.Қашқари «Сөздігінен» бірнеше мысал келтірген. Ендеше, қазіргі тіліміздегі «Оттама! Оттапсың!, Оттамай отыр!» – деген кейіс сөздер «мал сияқты шөпті жепсің» (бекер сөйлейсің) дегенге саяды. «Отты-сулы», «от-суы» қос сөзі қазіргі тілмен айтқанда «шөпті-сулы», «шөбі мен суы мол» дегенді білдіреді екен.

7. ШІРІГЕН БАЙ

Бұл фразеологизм І.Кенесбаев «Сөздігінде» жоқ. Алайда қазақ тілінде қолданыста бар тұрақты сөз тіркесі.

ҚТТС: **ШІРІ** 1. Іру, бұзылу; 2. **Ауысп.** Құру, жойылу, өлу; 3. **Ауысп.** Мыңғырған; **Шіріген жұмыртқа** – шетке шыққан, ата-анадан, елден шыққан (бала); **ШІРІГІШ** Бүлінгіш; **ШІРІК** 1. Шірінді, шіріген; 2. Ез, былжыр, намыссыз, т.б.

Байқағанымыздай, «шірік, шіріген» сөзі негізінен жағымсыз құбылысты білдіреді де, тек бір-ақ рет ауыспалы мағынада мыңғырған байлықты білдіруге де қолданылады екен. Бір сөздің осылайша, жағымсыз әрі жағымды нәрсені де білдіруі қисынға келе ме?

Көне түрк жазба ескерткішіне жататын «Ұйғыр әрпімен жазылған буддалық мағынадағы құжаттарда» «**шірішті-байағұт**» деген қос сөзі бар. Оны ДТС: «**ШІРІШТІ** – санскрит сөзі (шірешт йа), мағынасы «богатые, зажиточные» деп түсіндірген. Көне түрк тіліндегі қос сөздің екінші сыңары «байағұт» қазіргі тілімізде «баяуыт» делінеді, «бай-баяуыт» қос сөзі де бар. Ендеше «шіріген бай» фразеологизмінің бірінші сөзі қазақтың «шіріген» сөзі емес, санскриттік «шірішті» (бай, ауқатты) сөзі екен.



«Үркек — үміт» бәйгесіне!

Әлия ІЦКӘРБЕК

1997 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданында дүниеге келген. Он сегіз жасар ақын қыз «ТӨҢІРТАУ» жыр жинағының авторы. XVII Халықаралық Шабыт фестивалінде Ф. Оңғарсынова атындағы арнайы жүлдеге ие болған. Журналымызда алғаш рет жарияланып отыр.




...Мен болып сені күтті үміт

ӨМІР

Ойларым жолдас боп алды түндермен кілең,
Тағатсыз іздеп келемін күн-бейнеңді мен.
Кезіге қалсақ, жүрегім нұрланса-дағы,
Көрсетем жұртқа сұрланып үлгерген рең.

Бақыт та, бақ та біздерді таниды делік,
Екеуміз жайлы айтпады фәни күрмеліп.
Ауада ұшқан асқақтық ұлпалары да,
Бұл күні менің жанымды қариды келіп.

Өзіңнен өзге кімге енді тағармын айып,
Салкындығыңнан қалса егер жанар мұңайып.
Сағынышыма тұншықсам, кетер ме екен -
Басымнан бағым, қолымнан қаламым тайып.





Қалмайтындығын ешқашан көңіл ұқтырып,
Мен емес, тағы мен болып сені күтті үміт.
Өмір дегенің – жұлдызға тілегінді айту,
Орындалмасын білсең де егіліп тұрып!

ҚАРАШЫҚ

*«Я нарисую ваши глаза
когда узнаю вашу душу»
Модильяни*

Қылқалам мен қылығыңды құрбы еттім,
Мүсініңнен таппай мін.
Көздеріңнен түнді көрдім, Құрметтім,
Таңы ешқашан атпайтын.

Болмысыңнан безер болсаң, жүр, қалқам,
Бақытсыздық - бар айып.
Сезімі өлген, жүрегі жоқ жылдардан,
Өзімізді табайық!

Сенің жасың – суретшінің бояуы,
Аққан бірге түндермен.
Өмірімнің басталмаған тойы әлі,
Аяқталып үлгерген.

Сыңғырындай балбұлақтың біз ән бе ек,
Неткен мөлдір жанарың?!
Тұңғыыққа батып кеттім бұзам деп, –
Қарашықтың қамалын ...

АҚТАЛУ

Селт еткен сиқыр сезімнің тұрағын көрдім,
Қолдағы бардың қадірін, сірә, білер кім?
Санаңда ескі естелік жаңғырса тағы –
Кінәлі менмін.

Жұлдызбен жырын аспанға жазыпты дегін,
Өткенді аңсап бұлқынса нәзік жүрегін.
Сенің көгіңнің күні боп шуақ шашпасам,
Жазықты өзің.

Жалғыз мен емес жасырған күліп қайғысын,
Секемшіл адам көңілін құлыптайды шын.
Ұмытамын деп барлығын кетіп ең үнсіз,
Ұмытпаймысың?

Жан едің жалғыз алақан жайып сұраған:
Бақытын бүкіл жалғанның лайықты маған.
Тағдырымыздың тоғыспас жолдары үшін –
Айыпты ғалам!

ЭЛЕГИЯ

Шыныңды айтсаң күндейтін,
Мұныңды айтсаң күлкі қып,
Мен жайлы мүлде білмейтін,
Жандардың сөзі ұмтылып,
Маза бермейді маған түк,
Арбайды және көз күлген.
Ризамын саған Жамандық,
Жақсының дәмін сездірген.





Жел сөздер салса құрығын,
Кермеге қарай атылдым.
Өлеңімменен Ұлымын,
Өлеңімменен пақырмын!

Сөз бенен көзден тоңам мың,
Жүзімде жасым тайғанап .
Алдым деп несін олардың,
Отырам сосын ой қамап.

Сырымды айтсам күндейтін,
Мұңымды көрген жорып кім?
Жарықты мүлде білмейтін,
Түнекке сәуле болыппын!

САУАЛ

Көктемді күтем дегенше,
Қой қоздап кетті дегейсің.
Өртеніп бітем дегенше,
Ой маздап кетті дегейсің.

Суықтан тоңдым дегенше,
Жаурады жаным дегейсің.
Жалғанға сендім дегенше,
Алдады бәрі дегейсің.



Өртеніп біттім дегенің –
Болмады сенер ешкімің.
Көктемді күттім дегенің –
Көрдің ғой оны кешқұрым.

Жалғанға сендім деген үн,
(Сен емес болсаң, кім деймін...)
– Не дейсің бұған, Өлеңім?!
– Білмеймін!

ЖОЛ ҚАРАУ (триптих)

1

Түнге қанша уәде беріп көз ілдім,
Ұмыттым деп, қадіріңді ұққым кеп.
Жалғыз қалып көшесінде төзімнің,
Күттім сені, күттім көп.

Ғұмырыма жеткілікті сор-бағым,
Сезіміме қояды енді нүкте кім.
Еш кінәсі жоқ екен ғой жолдардың,
Келмесе егер күткенің.

Бір күні мен жырға айналып тынам шын,
Мұң дейсің бе? (Мұң құрсын!)
Мен жайлы бір ойламаған шығарсың,
Ойладың ба..
Кім білсін?!

2

Кешіктің,
Күттім жолыңды келем деп едің,
Бекер болды ма сен жаққа елеңдегенім.
Жаныңның сырын жаһанға жайып салатын,
Осы ма Өлең дегені?!

Жаңылып кетсем жазудан пешенемдегі,
О, ұлы сезім, өтінем , кеше гөр мені.
Сағыныш, Аңсар, Үміттен қол үздім, күнім,
Кешеден бері.



Жыласын жүрек ақылдан жеңілдім бе деп,
Мен енді мүлде бастаймын өмірді бөлек.
Келмейтініне көнбейтін жұбатар екем,
Көңілді не деп?..

3

Жадыма менің естелік гүл боп көктемек,
Шырқалмайтынын білемін енді көгімде ән.
Көндігу үнсіз оңай деймісің?
– Кетпе, – деп
жүгірмесем де соңыңнан,

Өмірді сенсіз сүре алмайтындай қарадың,
Өлмеймін, мен тек сүренсіз ғұмыр кешемін.
Күлімдеп тұрдым, жүректің сүртіп жанарын,
Қайран қалғаның не сенің?!

Қарсы алар едім арайлы үміт боп келсең,
Тағдырға, күнім, тағы да тағы көндім, рас.
Аялдай тұршы жаныма сіңіп кеткенше,
Көзімнен тамған соңғы жас,
Сезімнен тамған соңғы жас...

ОНЫҢ МОНОЛОГЫ

Мүмкін емес сағынбауың мені енді,
Жанарыңда мұң малтыса, ой жүзіп.
Өксігінді, маған жазған өлеңді,
Жүрегіңнің ошағына қой тізіп.

Өміріңді, сен іздеген Өзіңді,
Бізге мәлім естеліктің барлығын,
Мені сосын шат-шадыман кезінді,
Сәл сараңдау сабырыңның жарлығын,

Бәрін-бәрін.. өзектегі өкпеңді,
Бізді қоспас бұл қатыгез ғасырды,
Бір жүріп те үлгермеген көк белді,
Өртеп жібер, тамызық қып жасыңды.

Солай ғана «бақыт» тауып бір уақ,
Солай ғана қателігің түзелмек.
Жалын құшқан жүрегіңді жұлып ап,
Сағынышқа егілерсің тізерлеп.



• Айтулылар айтқан сөз

**Статистика бойынша отбасы бюджетінің
85 пайызын әйелдер, 15 пайызын балалар,
қалғанын ер адамдар жұмсайды.**

Лусиль ГУДЬЕР,
АҚШ саясаткері



Нұрлан ҚҰМАР

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультетін және магистратураны үздік бітірген. 2003 жылғы «Денсаулық» журналының, ал 2012 жылы Тұңғыш Президент қоры, сондай-ақ «Алтын қалам» сыйлықтарының иегері. 2013 жылғы «Шабыт» фестивалінің лауреаты.



АЙНАКӨЛДІҢ АЙТЫЛМАҒАН СЫРЫ

Қала баласы ауылға асығады. Ауыл баласы қалаға құмартады. Ал, Әмір жарқ-жұрқ еткен шуылдақ шаһарды ұнатпайды. Оның себебі көп, әрине. Ең бастысы, әкесінің қалада жүргенде қарақшылардың қолынан қаза тапқандығы. Бұл жәй – қаршадай ұлдың қабырғасын қақыратты. Ол кезде Әмір бірінші сыныпқа барғалы жүрген. Енді ше? Жылдар жылжып, қалақтай ұл қалқиып өсті. Сосын өзін, айналасын терең тануға тырысты. Атасына, әжесіне, анасына өзінің керек екенін бірте-бірте ұғынды.

Шілде айы туды да Ботбай қарияның ауласы балғын үнге, шат-думанға толды. Өйткені, үлкен қалаларда тұратын ұлдары балаларын жылда ауылға әкеліп тастауды дағдыға айналдырған еді. Атасы немерелерінің маңдайларынан иіскесе еш тоймайтын сыңайлы.

– Шөпілдетіп сүйе бермеңдер-ші, микроб жұғады. – Бірінші сыныпты бітірген Олжас бетін қолымен сүрткіштеп әлек.

– Мені сағындыңдар ма? – Әжесі қаладан келген үш немересін кезек-кезек аймалады.

– Жоқ, - деді үшеуі бірден қосарланып.

– Біз таза сүт, айран ішуге келдік.

– Құртты қашан дайындайсың, әже?

– Мен Айнакөлге шомылуға келдім. Сендерде су тегін. Бізде бәрі ақша.

Ендігісі міне. Әжесі ала таңнан жер ошақта сүт қайнатып жүр. Маңдайынан аққан борша-борша терді көріп, Әмір сүлгі апарып берді. – Айналайын, ақылдым, - деп әжесі бетіне ернін тигізіп еді, жеткіншек отты жалынды сезді. – Қайдағы микроб? Титімдей болып алып Олжастың да таппайтыны жоқ. Әй, маубастар-ай. Баяғының батырлары құсап, қалың ұйқыға батуларың қалай? Күн болса тас төбеге көтерілді.

– Бір тәп-тәтті иіс мұрныма келіп, оятып жіберді. – Әмір қорадағы қызыл бұзау құсап таңауын көкке шүйіреді. Терезесі қараңғыланған қоңыр салқын бөлмеден Мирас пен Олжас та далаға шықты.

– Әже, балқаймақ жасап қойдыңыз ба? – Ағалы-інілі балғындар қабаттасып тамаққа жақындады.

– Ата, мен бір дәлеңке ботқаны жалғыз тауыстым. Өсемін бе?

– Мен дәу кесе толы ірімшікті жеп қойдым. Кальций керек маған.

Әмір пен Олжастың қимыл-әрекетін құр



босқа жібермейтін кішкентай Олжас бөлмені дуылдатып жіберді. –Менің ішімде бәрі бар. Қараңдар-шы, қалай-қалай шұрылдайды? Араласып жатыр. Ата, ішімді сипашы, тура қарбыз секілді доп-домалақ. Ол түрегеліп, жүгіріп, бәрінің назарын өзіне аударып тынды.

–Сендерді ертең Айнакөлге апарып келмесем бе? Атасы маңызды бір шаруаның шетін шығарды.

–Алақай, алақай. Суға түсеміз,-деп қуанды немерелері.

Әмір атасын аяп кетті. Қыс бойы қаншама ауырды, оны мына қалалық ұлдар қайдан білсін? Немерелер көп күледі, қария күрсінеді. Шөкімдей қарт пен өскелең балғындар Айнакөлдің екі жағасы секілді. Бірі – шөбі тапталған, сұрғылт өлке, бірі – жасыл құрағы тербелген көкорай. Сәлден соң бірі – ойға берілсе, бірі – ойынға кіріседі. –Қой, менікі не отырыс? Балық аулауға бармаймын ба? Бауырларыма балық жегізейін. Ол сапырылысқан көп ойларды әзер тежеп, достарына асықты.

–Жүрсең-ші, тезірек. Өлде жарысамыз ба?

–Менің оң көзім тартты. Олжаға қарық болсақ қой, шіркін.

–Балықты көп ауласам, артығын сатар едім.

«Шілікті» ауылының жасөспірімдері Медет, Әмір және Асқар жарыса сөйлесіп келеді.

–Дүниеде «Айнакөлдей» әдемі көл жоқ,-дейді Медет аптығып.

–Аңыз-әңгімелердің бәрі де осы бір тұйық көлді әулие мекен етіп сипаттайтынына таң қаламын. –Әмір емпеңдеп, аузын ашып ауаны қармады.

–Суы кермек болса да, балығы бал татиды. Ондайда Асқар ыржиып күлуді ғана біледі.

Алтыншы сыныпты бітірген үш ұл айнадай жалтыраған көлге жеткенде, қармақ салушылар бұларсыз да жеткілікті болып шықты. Қалтқыға бірі – нан, бірі –жыбырлаған жерқұрт,

бірі – шикі ет іліп әлек. Су бетінде шымырлап, ұсақ иірімдер бүлкілдейді. Көлдің жағасында жеміс бұтақтары қылтияды. Құстың үні, арғы бетте шомылып жатқан балалардың шат дауысы естіліп тұр.

Арқалары қызып, төбелері қайнап барады. Сонда да көздерін айдыннан аудармай, суға тесіліп қарап отырудың өз қызығы бар. «Алтын балықты» армандап, оған небір бұйрықты қалай орындатудың амалына Медет оймен саяхат жасаған тұста Асқардың айқайы естілді.

–Қараңдар-шы, мына қара балық қалай-қалай қайқаңдайды? Әп, бәлем, енді сені босатсам ба? Қармақ жібін шіреніп тартып ол айнала-ны даңғазаға толтырды.

–Ой, Алла-ай! –Әмір ақ бауыры жалтыраған алабұғаны биікке көтерді. Күн сәулесінің мың сан мөлдіреген моншағын қармағы ілестіріп алыпты.

–Төрт сағат тапжылмай отырыппыз. Кәнекей, жиналыңдар, кетеміз. –Асқар бір кезде байбалам салды. Бір шелек балығын қызғыштай қорып, суға түсуден де бас тартты. Медетке бұйырғаны титімдей үш шабақ. Әмір әрқилы көлемдегі бес балығына көзін тойдыра алмайтын сияқты.

Көлге ең жақын үй – Әмірдің қақпасына таянғанда Асқар ернін жалап-жалап алды. – Өсімдік майының хош иісі қандай, шіркін! Апаң бауырсақ пісіріп жатқан болар.

–Ендеше, жүріңдер, кәнекей. Бір-бір кесе шәй ішелік. –Әмір достарына қиыла қарады.

–Жоқ-ә, мына балықтарды жылдамдап ағама жеткізейін. –Асқар тайқып, табанын тез жалтыратуға ықыласты екенін бірден білдірді.

–Мына үш шабақты көшеде ұстап жүрудің өзі біртүрлі ұят секілді. Сен қосып алшы. –Медет қолындағы жылтыр дорбаны Әмірге ұстатты. – Амандық болса келесі жолы шәй іше жатармыз,-деді жымыып.

Әмірдің апасы кешкісін бір табак қуырылған балықты дастарқанға әкелді. Көрші-көлем келіп дәм татты. Сонда Әмірдің есіне дос-



тары түсті. Асқар неткен өзімшіл. Өткен жолы да балықты көп ұстады емес пе? Өз жағдайын үнемі ойлап жүреді және ешкіммен санаспайды. Ал, Медеттің «келесі жолы» дегені-ақ таусылмайды екен. Өйткені, себеп те, сылтау да, үміті де соған сыйып кете береді. Жолы болмаған сәттерде өзін де, өзгені де сол сөзбен жұбатады.

–Келесі жолы біздің көшеде де той болады. Келесі жолы жақсылық келеді. Келесі жолы сәттілік сені күтіп тұрады. Келесі жолы...

Ұйқыға жатқан кезде Әмірдің көз алдынан екі түрлі болмыс иелері, яғни достары көпке дейін кетпеді. –Келесі жолы Медеттің қармағына көп балық түссін-ші,-деп жүрегі елжірей соқты.

Ауыл балаларының жаз бойғы ермегі – суға шомылу, күнге қақталу, ойын қуу, сосын балық аулау. Арада екі күн өткен соң үш дос Айнакөлге қарай ағылушылардың қатарына қайтадан қосылды. Асқар асығыс адымдап, өңмендеп, жолындағыларды басып озды. Медет балықтарды піспекпен-ақ түйреп алуға ықыласты көрінеді. Әмір неден болса да тайынбауға бел буыпты.

–Алдымен балық көзіме көрінсін-ші. Артынан жүзіп, қуып жүріп іш киіміммен болса да сүзіп, ұстап алармын,-деп айдарынан жел еседі.

Алайда, күнұзаққа су жағалап жүрсе де ойлағандары орындалмады. «Қап, қармағым, кап» деп Асқар қанша айқайласа да, Тәңірге жалбарынса да ілмегіне ештеңе ілікпеді. Ажарлы Айнакөл қарақошқылданып, қабағын шытты, балығын ұсынбады.

Шыдамсызданған Әмір тербелген толқынға қыр көрсетіп, суға секірді. Әрі-бері жүзіп, тереңдікке сүңгігенінде көлдің түбінде бірнеше ау-тор құрылғанына көз жеткізді.

–Достарым менің, көмекке келіңдер. Мына бір ауды тартып көрсек қайтеді. Иесін жақсы танымын. Әйтеуір үйге бос бармайық. –Осыдан кейін үшеуі жанталасып торды жұлқылады. Ауыр-ақ. Әмірдің ақсары өңі

қызылқүреңденіп сала берді. Медеттің мойын тамырлары білеуленіп көз тартады. Асқар жіптің ұшын жағалауға қарай құлықсыз тартты. Олардың тыраштанған бейнелерін көріп жәрдемдесуге сол жерде суға шомылып жатқан бірнеше балалар қосыла кетті.

Сөйтіп әзер дегенде ауыр еңбекпен тордан тартып алған балықтарды Әмір төртке бөлді.

–Ауды алғаш көрген де, бастама көтерген де – менмін. Сондай-ақ алда-жалда қиындық туса жауап беретін де – менмін. Бірақ, ең жақсысын тандап алсам, әділетсіз Әмір дерсіндер. Маған балықтардың сүйкімсізі, мына сүйір тұмсық шортан да жетеді. Медет, өткенде маған берген үш шабағыңды ұмытқаным жоқ. Сондықтан саған тиесілісі – семіз сазан. Қалған балықтардың атын атап, түсін түстеп, жиналған балаларға түгелдей таратты. Достары іштей өкпелесе де, ешқайсысы қарсы дау айта қойған жоқ.

–Әміржан, аманбысың? Түсің қашып кетіпті ғой. –Етегіне сүрініп, қабынып қарсы алған әжесі тұңғыш немересін бауырына басты. Кешікпей шортан аршылып, қазанда балық пісірілді.

–Дәмді сорпа ішкізгеніңе рахмет. – Олжастың кіп-кішкентай мұрны пышылдап қоя берді. Әмірдің іші-бауырына кіріп барады. –Мен өскенде балықшы боламын.

–Қу бала, қайдағыны айтпа! Кеше тәтті тоқаштарды жеп отырғанда, апама: – Ұн зауытында бастық болам дегенсің. Тетелес ағасы Хамит оны әбден мазақ қылды.

–Олжасты қой. Сатқын неме. Күндіз балмұздақ әперген тәтеме уәдені үйіп төкті. – Мен ержеткен соң балмұздақ сататын дүкенде жұмыс істеймін,-дегенін ап-анық естідім. Мирас та інісінің жылпостығын ешкімнен жасырар емес. Үй іші ду-ду күлкі, бәрі мәз-мәйрам. Тек Әмір ғана езу тартпады. Оған себеп, өзін жақсы сезінбеуі еді.

Түн ортасында Әмірдің анасы жер сырғығандай жағдайдан шошып оянды. Сөйтсе,



қасында жататын Әмір ұйқылы-ояу қалыппен түрегеліп астындағы көрпесін тартып тұр. Көрпенің шетін жиырып жинап, екі қолымен тас қылып ұстаған ұлдың дауысы жеті түнде ап-анық естіледі.

–Медет, қорықпа, бәрін алмаймыз. – Асқар, тартсаңшы! Бұл –Берік ағайдың құрған торы. Мен білем. Былтыр мал баққанда біздің баспақты жоғалтып жіберді. Күзде біздің шарбаққа кіріп, ошаққа құрған қазанды алып кеткен. Әкем тірі болса, қақпағын қайырап еді. Енді көрсін, ұрлатқанның қандай болатынын.

Анасы ұлын айналып-толғанып, төсегіне әзер жатқызды.

–Кешегі балық дәмді сорпа болып тамағымыздан өтіп кетті. Сөйте тұра түнімен тынышымызды алғаны несі? –Азандағы ауқат үстінде анасы тосыннан сөз бастады.

–Апыр-ай, бұғанасы бекімеген балалар бір үйлі жанды балықпен асырап отыр. Бұған қуанайын ба, әлде... Әжесі екі ұшты ой тастап, алыстан орағытып мысал келтіргіш болып кетіпті.

Алдындағы шәйін іше алмай, Әмірдің қолдары бей-берекет дірілдеді. Ақыры кесесін аударып тынды.

–Сонымен, Әмір ащы болса да, шындықты айт! Біреудің нәрсесіне қол сұғу – қылмыс қой. Сүзгінің түбінде көксеркелер қалып кетті ме? Түнімен соған өкініп, өкіріп шықтың ғой,-деді анасы қалжыраған қатқыл дауыспен.

–Күні бойы көл жағалап, өзегіміз талды. Қармаққа да, піспекке де тым болмаса майшабақ та түспеді. Со-сын... Ауды тартқанда білектерім, алақаным, ішім бәрі-бәрі удай ашып ауырды. Асқар нағыз жанаяр. Қол ұшын ғана тигізді. Сосын оған жайын беріп қатырдым. – Әмір осылайша әңгімесін бастап, кеше болған оқиғаны бәз қалпында анасына айтып берді.

Кешкісін тағы да Әмірдің ыстығы көтеріліп, кенеттен науқастанды. Ымырт кезінде барлық ішкен-жегенін құсып тастады.

Біреудің су астына құрған торына, ақ адал еңбегіне қол салғанына өкінді. Қайта-қайта түсіне көл жазалаушы қария бейнесі болып еніп, әбден мазасын алды.

Иә, адалдық жолы қашанда ауыр. Сол жолмен түзу және таза жүріп өту кім-кімге де сын екен ғой. Осыны жасөспірімнің зердесіне жеткізген табиғаттың оймақтай сыйы – Айнакөл болса сырын ішіне бүгіп, ауыл шетінде жалтырап жатты...



• Айтулылар айтқан сөз

**Егер күйеуі әйеліне себепсіз гүл ұсынса,
оған әйтеуір бір себептің болғаны дей бер.**

Молли МАГИ



Алпамыс ФАЙЗОЛЛА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің студенті. Соңғы бірнеше жылда ағылшын әдебиетін ағылшын тілінде оқып жүр. Әңгіме жанрының хас шебері Оливер Генридің шығармасын аударып, редакцияға жіберіп отыр екен. Жариялауды жөн санадық.



Оливер ГЕНРИ

БАҚБАҚ ГҮЛ СЕЗІМ

Бұл наурыз айының тамаша бір күні еді.

Әңгіме жазарда хикаяны ешқашан бұлай бастамаңыз. Бұл – қаламгерлік қиял мен жаңашылдықтан жүрдай, таптаурын әрі құрғақ кіріспе. Бұдан құнсызырақ кіріспе болуы мүмкін емес. Бірақ бас кейіпкер құсалы болғандықтан, әңгімеленгелі отырған хикаяны осылай бастаймыз. Өйткені, оқырманның сана-сезімін әзірлеп алмасак, жаны түршігуі мүмкін.

Қолында ас мәзірі бар Сара жылап отыр еді.

Пияз аршығандықтан немесе жан тебіренер әсерлі кино көргендіктен жанары жаска шыланды деп ойлауыңыз мүмкін. Алайда бар жорамалыңыз қате. Сол себепті, әңгімені одан әрі жалғастырайық.

Сара «Шуленбергтер үйі» мейрамханасына жұмысқа тұрды. Мейрамхана қызметкері күн сайын кешқұрым Сараға ертеңгі күні дайындалатын тағамдар тізімін алып келеді. Ол машинкамен теріп, 21 үстелге ас мәзірін әзірлейді. Ақысына күніне үш мезгіл тамақтанады, сондай-ақ мейрамхананың қызыл кірпішті ғимаратынан қожайын бір бөлмені баспана етіп берген. Бұл келісімшартқа Сара да, мейрамхана иесі де дән риза. Бірі – ішер ас, тұратын жайдан тарықпайтынына, бірі – тұтынушылардың мәзірде қандай ас бар екенін біліп отыратынына разы.

Биыл көктем кешікті. Наурыз айы келсе де жердегі қар ери қойған жоқ. Көктем мезгілі болғанмен, қала әлі қыс ызғарының құшағында. Көшеде музыкалық аспаптарымен «Сол бір ғажап жаз күнінде» әуенін орындайтын жігіттер желтоқсан айындағы көңіл-күйінен әлі арыла қоймапты.

Көңілі мұңға толы Сара терезеден далаға қарап отыр. Бүкіл әлем оған: «Көктем келді, Сара, таңғажайып көктем келді! Сен неге мұңаясың?» – деп тұрғандай. Ғимараттың артқы бөлігінде орналасқан бөлме терезесінен Сара келесі көшедегі фабриканың тас қабырғаларын көреді. Көзі сонда болғанмен, көңілі де, ойы да, ну орманды, жұпар аңқыған гүлдері бар көк шалғынды далада.

Сара өткен жазда ауылға барғанда, бір шаруаға ғашық болған еді.

(Хикаяны ешқашан бұлай жалғастырмаңыз. Әбден жауыр болған әдеби әдіс болғандықтан, оқырманды жалықтырып аласыз. Әңгімемізді одан әрі жалғастырайық).

Саннибрук шаруа қожалығында екі апта болған Сара кәрі шаруа Франклиннің Уолтер есімді ұлына ғашық болған-ды. Ғашығы Сараға көк шалғынды дала кілемінде сезімін білдірді. Сол жолы бақбақ гүлдерінен жасалған тәжді кигізіп, Сараның қоңыр шашымен сары гүлдердің үйлесім тапқанына балаша қуанып,



сүйсініп еді. Екеуі көктем шығысымен отау құрмақ боп уағдаласты. Шаттық пен қуанышқа толы, бақытқа мас болған күндер еді ғой, шіркін! Сара жұмысын жалғастырмақ боп қалаға қайтты да, уәделескен көктем мезгілін асыға күтіп жүрген-ді.

Кенет әлдекім есікті қақты да, бақытты күндерді аңсап, арман әлемін шарлап кеткен тәп-тәтті қиялы быт-шыт болды. Қызметкер ертең дайындалатын тағамдар тізімін әкелген екен. Сара ас мәзірін машинкамен тере бастады. Бүгін әдеттегіден өзгеше тағамдар тізімге еніпті. Жаздағы айдын бетінде жүзіп жүрген су жәндігіндей, Сараның саусақтары машинка пернелері үстінде еркін қозғалады. Ол сорпалы тағамдарды, құрғақ тағамдарды, тәттілерді рет-ретімен жазып шықты. Салаттар тізімін көргенде, өзіне ие бол алмай, жылап жіберді. Жанарынан мөлт-мөлт тамған жас жүзінен сорғалап, машинкаға ағып жатты.

Иә, Уолтерден екі аптадан бері хат алмаған Сара салаттар тізімін көргенде, жылайтын жөні бар еді. Өйткені, онда «Бақбақ гүлдері мен қайнаған жұмыртқа» деп жазылыпты. Жұмыртқаға емес, бақбақ гүліне көңіл аударыңыз. Уолтер тәж жасап кигізген алтыннан құнды бақбақ гүлдер! Махаббат ұғымының хабаршысы, өткен ғажап күндерден естелік — бақбақ гүлдер! Сараның бақбақ гүл сезімі оның жан-жүрегін ғашығымен қыдырып жүрген көк шалғынды далаға алып кетті. Алайда, көп ұзамай Сара зорлана ойын жинақтап, көз жасын тыйды. Ас мәзірін теру керек болғандықтан, Манхеттеннің көңіл құлазытар тас көшелеріне қайта оралуға мәжбүр болды.

Сағат алтыда қызметкер кешкі асты әкелді де, дайын тұрған ас мәзірін алып кетті. Тамақтануға кіріскен Сара бір күрсініп алды да, ыдыстағы бақбақ гүлдерін бір шетке ысырып қойды. Махаббаттың киесіндей болған бақбақ гүлдерді аузына салып, тісімен шайнап, мылжалауға жүрегі дауаламады.

Жеті жарымда көрші бөлмедегі екі

адам жанжалдаса бастады. Көмір қызуы бәсеңдегендіктен, жарық қуаты да әлсіреді. Ғимараттың артқы ауласынан мысықтардың дауысы шықты. Осындай белгілерден кітап оқитын уақыт болғанын ұққан Сара екі тізесін кеудесіне тигізіп отырып, оқи бастады. Кенет алдыңғы есіктің қоңырауы шалынды. Сара кітабын қойып, елең ете қалды. Қызметші әйел есікті ашқанда, самбырлай сөйлеп ішке кірген бір жігіттің дауысы естілді. Сара қолындағы кітабын тастай сала ұшып тұрып, есікке қарай жүгірді.

Иә, сіздің жорамалыңыз дұрыс.

Бұл келген Уолтер еді. Сара есікті ашқанда, асыға басқан Уолтер еңтігіп баспалдақтан көтеріліп келе жатқан-ды. Бірін-бірі көргенде, екеуі қандай қуанышты сезімде болды десеңізші!

— Неге хат-хабарсыз кеттің?! — деді Сара өксігін баса алмай.

— Нью-Йорк алып шаһар. Мен мұнда бір апта бұрын келіп, сенің бұрынғы мекен-жайыңа іздеп бардым. Алайда, өткен сәрсенбі күні көшіп кетіпсің. Полициямен қосылып, іздемеген жерім қалмады!

— Мен саған хат жазып едім ғой.

— Ешқандай да хат алған жоқпын.

— Сонда мені қалай таптың?

Жас жігіт көктемдей таза, риясыз пейілмен жымыды да:

— Бұл кеште «Шуленбергтер үйі» мейрамханасына тамақтануға келдім. Жүрегім әлденені сезді ме, салат жегім келді. Салаттар тізіміне көз жүгірткен кезде орнымнан ұшып түрегеліп, мейрамхана қожайынын шақырдым. Ол маған сенің қайда екеніңді көрсетті.

— Қайдан білдің сонда?

Уолтер қоржынынан бір парақ ас мәзірін шығарып, Сараға көрсетті. Ол сол күні машинкамен бірінші терген мәзірді бірден таныды. Көз жасы тамған үстіңгі оң жақ бұрышында әлі де дақ бар екен. Бақбақ гүлдерден тәж киген ғажап шақтарды еске алып отырып, салаттар тізіміне былай деп жазып қойыпты: «Сүйікті Уолтер мен қайнатылған жұмыртқа...»



Динара МӘЛІК

1988 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Бірнеше жыр жинақтарының авторы. «Үркер – Үміт» бәйгесінің жеңімпазы. Республикалық бірнеше жыр мұшайраларының жүлдегері.



Қалжыран қалған қаладан, Тұнжыран ауып бара ма ән...

Тірлік деген таразысы-ау Тәңірдің,
Сәттер сайын сынағында жаңылдым...
Ақша бұлттай ақ көйлегім желбіреп,
Арманыма сенер күнді сағындым.

Жанұшырып жанның даусын тыңдамай,
Бұрынғыдай мұңның жүгін жырламай...
Алақандай ауылыма тығылып...
Кеткім келмей жүр ғой әлі бұл қалай?

Туған үйден қай сырымды жасырам,
Бала -күннің иығына асылам.
...Ас үй жақтан күбірлейді жеңешем,
«Не жетпей жүр...дей ме әлде осыған?»

Әжемнің де әжімдері ақылды:
Тым байыппен жанына ыммен шақырды.

Таныс мейірім...алыс неге құдай-ау...
Қызын емес құшқандай бір ақынды!

Ой күзетіп, шешем отыр көңілсіз,
Үш күн болды...мен келгелі әлі үнсіз...
Күбірлесем жаутандайды сыр бермей,
Бір әңгіме айтар дей ме жағымсыз...

Қалай кетем, туған үйге шертілмей,
Көз жасым да сырғып түсті-ау іркілмей...
Бұрымымдай қалғаны ма қиылып,
Қыз- ғұмырым біткені ме бір күндей...

Бара жаттым сұр қалаға аттанып,
«Қыз-қонақ ғой» -деген сөзге тоқталып.
Бүтін бақыт көлбеңдейді алыстан,
Ұмтыламын жоғалуға шақ қалып...



Тұман мұңдар таусылмастай көрініп,
Телефонда. ..саусағым тұр ілініп.
«Ошағыңның тыныштығын сақта»-деп,
Арғы жақтан анам тұрды егіліп. ..

P:S

Бәлкім. ..бәлкім мейірімге шөлдедім...
(Әйел қашан таға алады ерге мін?)
Қала сенің қорғансыздау пендең ем...
Қандай жақсы тым есейіп келгенім..

Бұл неткен сағыныш сабырлы,
Үнсіздік кеудемде жаңылды. ..
Сүйетін. .. Сүйетін адам да,
Осылай сұрай ма халімді?

Тірліктің түйткілін күйретіп,
Шарықтай білуді үйретіп.
Жіберсең, гүл етсең қайтеді...
Жырымды жанарда сөйлетіп.

Бөлініп кетсек деп қаладан,
Көрмеген күндерді санағам.
Қиялмен қойнына тығылып,
Жеп-жеңіл боп кеттім ауадан...

Жып-жылы сезімге талпынған,
Жүрекке талай жүк артылған.
Сәулең боп сән құрғым келіп тұр,
Адасып төзімді қалпымнан!

Сөйледім...бәлкім Сен естідің...
Осылай ғұмырды шешті-мұң...
Бар болса бақыт та -бағасыз,
Жақсы ғой болмаған ешкімің!..

Қайрылмай кеттің қайғыма,
Басымнан бағым тайды ма?
Сағыныш саулап жүректен
түбіме жетті-ау ой мына.

Қабарып көңіл жүр налып,
Шуағы мұңға ұрланып.
Жолығып қалар ма екенбіз,
Көзіңе көзім шырмалып.

Әлдебір жанның ісіндей
мен емес бәрі түсімдей.
Қардың да түсін ұмыттым,
Адамның тілін түсінбей!

Не күйге түсер екенмін,
Аңсадым, талдым, бөтенмін.
Бір күні мүмкін дәл қазір...
Бұрылмай саған жетермін!

Өмір ме маған керегі,
Шеңберге шектей береді.
Өзіңнің ғана өзіңнің,
Ауанды жұтқым келеді!

Ақ төсекке Айдың нұры төгіліп,
Дидарың да түгел жатыр көрініп.
Маңдайыңнан, маңдайыңнан иіскедім,
Әр шашыңа сәуле болып ілініп.





Өмір бізге ұсынады қанша мұң,
Көз алдымда көлбеңдейді мың сағым.
Сан сұрақтар қалды кенет шашылып,
Иығыңа тиіп кетіп саусағым...

Момақан боп жатқаныңмен көз іліп,
Кірпігіңді тұр ма екен ой тізіліп...
Демімді де ішке жұтам білдірмей,
Сен барлығын жатқандайсың сезініп.

Сағат қанша, керек пе осы жылдамдық,
Уақытқа да құрбан болып ұрландық...
Күбірлеймін, күлімдеймін сен болып,
Осы шығар ең аяулы жалғандық!



Ай сәулесі көшіп кетті бөлмемнен,
Қашан қай кез құшып оны үлгіргем?
Ұлиды кеп ішімдегі көп дауыс,
Келмейді деп, бұл өмірді сүргім мен!

Тым асығыс еніп келді таң бүгін,
Түн мен Күннің ұқсын дей ме тарлығын...
Аспан...ол да тыншымаған екен-ау,
Қалың болып жауа қапты қар бүгін..

Жалғыз жанға серік болар жалқы-мұң,
Өмір саған сездірмесе салқынын...
Жапалақтап қар жауып тұр қалада,
Қайырлы таң, алтыным!

Қайырлы күн, ғұмырым!
(Қандай сыйлық ұсынады бүгінім?)
Қара жерде алшаң басып жүргенмен,
Алла дейтін құдіреттің құлымын.

Қар жауып тұр, ақ таңдай,
Қара жермен бір үйлесім тапқандай...
Ерке-қарлар, еркелейді ернімде,
Аспан жақтан көктем құлап жатқандай...

Қайыңдар тұр ән салып,
Желтоқсанның жылы қарын қарсы алып.
Тұнығым-ау түнге сіңіп кететін...
Сен де қазір ояның ба, тамсанып?!

Қол ұстасып жылдармен,
Көз ілгенше әуеніңді тыңдар ма ем...
Дәл осылай ғұмыр ғажап болар ма,
Біздер бірге болғанмен...

Тағдыр екен есімің тіл ұшында күрмелген,
Сезім деген сен екен сөз ішінде түрленген...
Кезің қайда құдай-ау, көзің қайда қадалған,
Қондырсам ғой кеудеңе, көктеміңді тоналған...

Ақын емес, әйел боп қалдым ба екен ұнатып,
Жанарымның қиығын, қиялыңа құлатып...
Сағынышты жер-көкке сиғыза алмай сенделем,
Жабырқаған жаныңды жалғыз жырмен
емдер ем!

Бізсіз келген көктем де, бізсіз келген өтер күз,
Өтіне алмай ақыры өліп кетер ме екенбіз...

Көзге көрінбес күнәларымды,
Оқылмай қалған дұғаларымды...
Алладан бұрын пенде біткенді,



Бес күнге қимай сынағанымды...
...Өшіре алам ба кеудемнен?

Есімді білмес ессіз күнімді,
Түгесілген төзім...көзсіз мұнымды...
Жария етіп...жалғаннан бездім,
Қараңғы дедім, Сізсіз ғұмырды...
Өзгерерін бәрін кім білген?

«Жалғызбын» деппін...сезбеді жаным,
Түннің де тұнық көздері барын.
Сезімге ұйып сыңар етіппін,
Өзіме тілеп, өзгенің бағын...
Көңілді қалай сендіргем?

Бағалай алмай бақыттарымды,
Жалғанға қиып жақұт-таңымды.
Нұрынан Күннің жасқанды жүзім,
Кім білсін...бүгін ғаріп халімді...
Жанымды шерге көндірген...

Қайғыға балап, шүкір күнімді,
Тағдырға телген бүкіл мұңымды...
Тілімнен шыққан тоғыз күнәмді,
Айтылып қалған күпірлігімді...
Өшіре алам ба кеудемнен?

Бұралаң жолдар бұралаң,
Ес жиып талай құлағам.
Өмірді қойшы өң мен түс,
Күйімді кім бар сұраған?!

Белгісіз мұңға түнегем,
Сенгісіз ғұмыр сүрер ем...
Тыйылмай жүрсе көз-жасым,
Бұйырмай жүр де бір өлең!

Үндемей жүріп сөйледім,
Күлімдеп тұрып күйредім.
Тағдыры бөлек о, тоба,
Жолыққан жалғыз сүйгенім...

Ашылса таңмен есігім,
Сыбырлап сүйдім есімін.

Түннен де тығам сол жанды,
Күннен де сұрап кешірім.

Ақ пенен қара арасын,
Аралап нені табасың?
Алладан түскен шыбын-жан,
Шырылдап қайда барасың?!

Тұтанбас қайта сөнген-шоқ,
Түңілгем ажал төнген жоқ.
Ойға да баттым тұңғыық,
Ақылды болып көргем жоқ!

Қалжырап қалған қаладан,
Тұнжырап ауып бара ма ән?...
Түнектен жырмен тіріліп,
Жүрек боп қайта жаралам!

Аппақ қар ериді ернімде,
Сен құсап сүйісе алмайды...
Бақытқа келмейді сенгім де,
Білем ғой баяны болмайды...

Аппақ қар құлайды кеудеме,
Көгершін-көңілді алдайды...
Дірілдеп тоңады гүл-дене,
Сен болып жылыта алмайды...

Аппақ қар арманым үзілген,
Дем болып жер бетін еріткен.
Сен еріп келердей ізімнен...
Қарайлай беремін неліктен?!

Тұншықты тағдырым жанарда,
...Ол мені аңсайды түбінде!
Сол кезде мен сөйлей алам ба,
Ол білген махаббат тілінде...





Салтанат ҚАЗЫКЕН

«Үркер» журналының
веб-редакторы



ШАШТА КИЕ БАР...

Кісінің көркі болып саналатын шашта кие болатыны бағзыдан айтылатын болжам. Бұрынырақта аналарымыз белден асқан шашты кеспеген. Ұзын шашты орынсыз кесу үлкен қасіретке ұшыратуы мүмкін деп пайымдаған.

Ғалымдар осы тыйымның астарында ақиқаттың жатқанын анықтады. Олардың пайымдауынша, адам шашы ғарыш энергиясын қабылдайтын «антенна» боп табылады екен, яғни шаш өзін қоршаған ортамен хабар алмасып тұрады-мыс. Ғалымдардың сөзіне сенер болсақ, антеннаға шаштың сыртқы ғана емес, ішкі құрылысы да ұқсас келеді. Соңғы жылдары ғалымдар ашқан тағы бір жаңалық — адам шашының Ян қуатына бағынатындығы. Ғарыштық сәуледен пайда болатын бұл қуат ерік-күшті, дұрыс шешім қабылдауды, тереңнен ойлауды дарытатын көрінеді.

Осы орайда зерттеушілер Төле би, Шәкәрім тәрізді ұлыларымыз бен кеменгер аталарымыз шаш, сақал, мұртын әдемі етіп қоя білгендігі мен олардың бойындағы көптеген ізгі қасиеттердің арасында тығыз байланыс барын растайды. Бәрі де мүмкін. Себебі, өмір бойы қырынбаған Бетховенге замандастарының бірі ескерту жасағанда, ол: «Егер қырынсам, шығармашылық шабытым жоғалады»,—деп жауап қайтарған ғой. Демек қазіргі ғылым адам

шашы мен денсаулығының арасында тығыз байланыс барын дәлелдеп отыр.

Сонымен қатар ғалымдар әйелдердің шашы Инь қуатына бағынатынын айтады. Бұл қуат қыз-келіншектердің бойына жұмсақтық, мейірімділік, байыптылық, кешірімділік тәрізді қасиеттерді дарытады екен. Олай болса, біздің аталарымыз бен әжелеріміздің қыз-келіншектерден жалаңбас жүрмеуді, мешітке орамал тартып кіруді талап етуі тегін емес. Мешіт төбесі, оның айналасындағы кеңістік ерлер шашы бағынатын Ян қуатына тұнып тұр. Сондықтан да әйелдің шашы ашық болса, өзіне кереғар осы қуаттарды тез қабылдап алады.

Шаш күш жинағыш қасиетке ие. Қытайдың әскери өнерді меңгерген батырлары мен жақсы-жайсаңдары туралы көркем фильмдерінде өздерінің биоэнергиясын басқара алатын монахтар барлық күш-қуатын бұрымдарына жинап, оны қару ретінде қолданады. Қазіргі ғылым оның ақиқат екенін дәлелдеп қана қоймай, шаштан әр түрлі «хабар» алуды да үйрене бастады. Оған нақты дәлел: криминалистер бір тал шашы арқылы иесінің анаша қабылдайтын, қабылдамайтынын, тағы да басқа жағдайларды анықтай алады. Адамның саусақтарының таңбалары бір-біріне ұқсамайтыны сияқты кісінің шаштарында да



титімдей ұқсастық болмайды. Тек бірдей шаш бір жұмыртқалы егіздерде ғана болады екен.

Шашты зерделейтін ғалымдардың кеңесі бойынша адам үлкен қиындықтарға тап болып, ұзақ уақыт күйзелуді бастан өткерсе, шашын қидырып, алдырып тастағаны жөн. Себебі, шаштың «есте сақтау» қасиеті бар көрінеді. Ол жүйкені, миды мазалап, көңіл-күйді, денсаулықты бұзуы мүмкін.

Қазақ халқында қылмыс туралы ежелгі заңында шашқа қатысты арнайы баптар болған. Бұзық ойлылар, есерлер әйелдің шашын кесетін болса, ол әйелдің бір мүшесін кескен болып есептелініп, әлгі адам қатаң жазаға тартылған, үлкен айып төлеген. Ал енді әйелдер қылмыс жасаса, оларға қолданған жазаның ең ауыр түрі – шашын кесу болған. Бұл жаза сол кездегі әйелдер үшін өлім жазасына тең екен. Мұның бәрі халқымыздың әйелдердің шашын баяғы кезден-ақ қатты бағалағанын, қасиетін терең түсінгенін көрсетеді.

Тіршіліктің қайнаған базарында өзіңе және отбасыңа береке сыйлайтын мамандықты игеру – алдағы сапалы тұрмысыңның кепілі екендігі бүгінгі күннің шындығы.

Тіршіліктің қайнаған базарында өзіңе және отбасыңа береке сыйлайтын мамандықты игеру алдағы сапалы тұрмысыңның кепілі екендігі бүгінгі күннің шындығы. Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласындағы түйінді мәселелердің бірі бәсекеге қабілетті, өмірде өз орнын таба білетін кәсіп иелерін даярлау болып табылады.

Тұтынушылардың көңілінен шығу үшін кәсіби шеберлікті үнемі жетілдіріп отыру қажет. Шаштың сәні адам келбетінің маңызды бір бөлшегі болып табылатындықтан және клиенттер талғамының әртүрлі болып келетіндігінен шаш үлгілері бойынша ізденістен бір айнымау керек. Тұтынушыға деген жылы шырай мен ақжарқын қарым-қатынастың да сервистік

кәсіптің алға басуына әсері зор. Адамдардың бет-әлпетіне сәйкес шаш қиюдың да өзіндік ерекшеліктері бар. Шашты сәндеу барлық жастағы адамдарға қатысты. Адам кейпінің әдемі болып көрінуіне қиылған шашты тарай білудің де маңызы зор.

Алматыда не көп, аяқ бассаң шаштараз салондары көп. Осы орайда Тұрғыт Өзал мен Сәтпаев көшелерінің қиылысында орналасқан Алматы мемлекеттік сервис және технологиялар колледжіне жолымыз түсті. Шаш қию шеберлерін оқыту мен тәжірибе жинақтау ісін қатар жүргізіп жатқан оқу-өндірістік ісінің шебері Қарақат Барманбековамен жолығып, қайшы мен тарақтың құдіретінің арқасында біршама шаш үлгілері жасалатынын өз көзімізбен көріп қайттық. Қайшы мен тарақты ұстау бойынша жаттығу жұмыстары күн сайын жасалады екен. Шаш тарау, бояу, бұйралау, сондай-ақ балаларға, жасөспірімдерге, ересектерге, ерлер мен әйелдерге арналған шашты сәндеу, кекілге, самайға, желкеге пішін берудің сан алуан түрлерінің болатынын білдік. Әрине, әр жылдары шаш үлгілері де өмір ағымына орай өзгеріп жататын көрінеді. Мәселен, 2013 жылы кекіл үлгісі көпшілікке ұсынылыпты. Шаш қию шеберлері көбінесе В.Д.Корнеевтің «Шаш сәнін үлгілеу және көркемдеу» дейтін кітабына сүйенеді. Соңғы кезде, әсіресе, сулы шаш үлгісі «Ессіздер» деген кинофильм жарық көргелі бері сәнге айналды. Көбіне қара шашты жігіттер шаштарын гельдеп жүрсе жарасымды. Шашыңыз жаңбыр астынан келгендей сулы болып тұрса, ол сіздің өңіңізді ашатынына шүбә жоқ. Сондай-ақ жаңа шаш үлгісі – «урбанджентельменді» көбіне студенттер мен ерікті суретшілер жақсы көреді. Бұл сән үлгісінде классика да, модернизм де тұнып тұр.

«Жел үрлеген шаш үлгісі» лакпен, гельмен қатырылып қойылады, сондықтан бір қарағанда көзге шашын жел үрлеп тастағандай көрінеді,

«Жай классикалық шаш үлгісі» барлық



шаш түрлеріне және жас айырмашылығына қарамастан ұсынылады. Ер адамдар өздерінің сырт келбеттеріне қалай болса солай қарайды деген қағида мүлде дұрыс емес. Олар да қыздар секілді сымбатты болып көрінгілері келеді

Бірақ ерлердің шаш кесу сәндері әйел адамдардыкінен әлдеқайда аз. Әрине, ең бастысы ер адамда да, әйел адамда да шаш күтімі жақсы әрі шаш таза болуы керек. Ерлер шаш сәнінің бірнеше танымал түрлері бар: олар спорттық үлгі, классикалық үлгі, милитари және романтикалық үлгі.

«Қартаймайтын классика» үлгісі әрқашан сәнді және танымал ерлердің шашын артқа қарай тарап, маңдайды ашуымен ерекшеленеді. Бірақ көптеген ер-азаматтар қысқа шаш үлгісін қалайды. Сонымен қатар 70-жылдағы «ретро-стрижка» танымал болып қала береді. Оны

мусс пен жіңішке тарақпен қалыпқа келтіреді. Ерлерге жасалатын “мужчина-мачо” шаш үлгісі әйелдердің жүрегін жаулаушы ретінде есептеледі. Осыған қоса танымал шаш сәндеу үлгісі “Бокс” немесе “Полубокс” болып саналады.

Шаштаразшы болу да оңай кәсіп емес. Ал, қазақша сөйлеп, қазақша шаш қиятын қазақтың ұл-қыздарына қарап тұру қандай ғанибет.

Белгілі жазушы Жүсіпбек Аймауытов: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» дейді. Олай болса өз жұмысын жақсы көріп, оны жауапкершілікпен атқаратын шаштаразшылардың еңбегіне біз де сәттілік тілейміз.



Өндірістік оқу ісінің шебері Қарақат Рақымжанқызы студенттерінің ортасында.



КІТАП ОҚУ – ӨЗІҢДІ ОҚУ

Жастар қазір кітап оқи ма? Оқыса, кімдерді оқиды? Қай-қайсымызды да қызықтыратын сауал бұл. Ауызды қу шөппен сұртуден аулақпыз. «Кітап – білім бұлағынан» сусындайтын өрендер әлі де аз емес екен.

Атырау қаласынан редакциямызға Жанша Төкеева дейтін ханымнан хат келді. Сол қаладағы химия-биология бағытындағы «Назарбаев зияткерлік мектебінде» қазақ тілі мен әдебиет пәнінен сабақ береді екен. Қуанып қалдық. Шәкірттерінің әдебиетке қызығушылығын мейірлене жазыпты. Бір топ оқушысының оқыған кітаптары жөніндегі ой-толғамдарын журналға жариялауды өтініпті. Оның-шы сынып оқушыларының болашақта әдебиеттен тыс мамандық таңдайтынына қарамастан көркем әдебиетке деген құштарлығына риза болдық. Шығарманы талдауы, мазмұндауы бізді де қуантты.



Өмірлік тәрбие

Менің соңғы кездегі оқып жүрген шығармаларымның біразы шетел әдебиеті. Өйткені қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларды осы шетел шығармаларымен салыстыру керек. Сондықтан шетел

классиктерінің шығармаларын қызығып, құмартып оқимын. Оны достарымның арасында сыр қылып бөлісемін. Сіздерге Джейн Остеннің керемет туындыларының бірі – «Гордость и предубеждение» шығармасын

оқуға кеңес беремін. Өйткені 1815 жылы жарық көрген бұл еңбек әлемдік классиканың керемет туындыларының бірі – «Гордость и предубеждение» («Тәкаппарлық пен жаңылыс»).

Бұл кітаптағы оқиға желісі жергілікті тұрғындарды дүр сілкіндірген жаңалық-жылына төрт-бес мың табыс табатын жас жігіттің Незерфильд бағын сатып алуынан бастау алады. Ең бастысы, бұл жігіттің бойдақтығы оқиғаны дамытуға көп үлес қосты. Бұл жақсы жаңалық ең бастысы миссис Беннеттің көңілінен шығып, өзінің қыздарының бірін тұрмысқа беру үшін тиімді сәт екенін бірден түсінген-ді. Қыздарының біреуіне бақ



құсы ұшып келгеніне нық сенімді болған миссис Беннет өз қыздарын осы бойдақ жас жігітпен кездестіруді асыға күтті. Қызықты ойын-күлкіге толы кештердің бірінде Бингли мырза мистер Беннеттің қызы Джейнмен танысады. Кітапта бұл екі жұптың ғана емес, Дарси есімді жас, ақылды әрі көрікті жігіт пен Элизабет есімді сүйкімді қыз арасындағы махаббат ашық баяндалады. Осы кешке мистер Бингли өзінің өте тәкаппар досы мистер Дарсиды ертіп келген еді. Бингли мырза досына кештегі сұлу қыздардың бірін биге шақыруды ұсынады, осы кезде мистер Дарсидің көзі Элизабетке түседі. Бірақ өз тәкаппарлығынан арыла алмаған мистер Дарси «Мүмкін, шынымен де, бұл қыз сүйкімді шығар, бірақ ол менің жаныныштығымды мүлдем бұза алмайды» деген шешімге келеді. Міне, осы сәттен бастап Элизабет пен Дарсидің махаббат хикаясы басталады.

«Гордость и предубеждение»-әлемдік классиканың жауһары бола тұра, 19 ғасырдың басында ағылшын қоғамында өз маңызын жоғалтқан еді. Толықтай бүкіл басқару көздерін уысында ұстаған ер адамдар қоғамы үшін әйел адамдардың әлеуметтік мәртебесі жоғары орында тұрғаны рас. Осы себептен әйелдер жағы ұтымды тұрмысқа шығып кету үшін ер

адамдарды қызықтырудың түрлі-түрлі жолдарын іздеумен болды. Қоғамдағы осы олқылықты бейнелейтін бір тұс-Беннеттер отбасында кіл қыздардың болуы еді. Сондықтан, ананың да қыздарын тез арада тұрмысқа беруді ойлауы еш таңқаларлық жағдай емес.

Шығарма авторы Остен феминизмді жақтаушы болған делінеді. Менің ойымша, оның феминистік ой-дағдылары бұл шығармада анық көрсетілген. Себебі, әйел адамның негізгі мақсаты-тұрмысқа шығу екендігін арқау етіп, сол кездің қыздарында жұмыс пен хоббидың болмағанын, дәл сол кездерде әйел адамдарының алғыр ақыл-білімдерінің түк бағаланбағанын көрсетіп отыр.

Шығармадан түйетін басты ой-тәкаппарлық пен атаққұмарлықтың мүлдем бөлек мінез екендігі. Адам даңққұмар болмай жатып, тәкаппар да бола алады. Тәкаппарлық көбінесе өзіміз туралы ойдан туындаса, даңққұмарлық біз туралы басқалардың ойынан туындауы да мүмкін. Шығарманы қазақ әдебиетіндегі шығармалармен салыстыра отырып, автордың образдарды сомдаудағы шеберлігін анық аңғаруға болады. Қай шығармадан болсын өмірлік тәрбие аларымыз сөзсіз.

Іңкәр ҚҰМАРОВА

Кітап оқу – үлкен өнер



Кітапоқу-үлкен өнер. Оны оқудың түрлі жолдары бар екенін де білемін. Бірақ мені қызықтырған кітаптарды досымдай сыйлаймын. Маған көмек беретіндей болады. Ол адам үшін үлкен байлық

екенін де түсінемін. Кітаптан алған әсерімді мұғаліміммен, ата-анаммен бөлісемін. Кейінгі оқыған кітабым туралы бірер сөз. Менің соңғы кезде психология жайлы, өмір

заңы туралы кітаптарға қызығушылығым артты. Мысалы, Саидмурод Давлатов дейтін – психология ғылымдарының докторы бар. «Духовные законы богатства», «Стратегии мышления богатых и бедных людей» «Мой гениальный ребенок», «Философия мурavya» атты кітаптардың авторы.

Рухани байлықтың ережелері сіздің жетістікке деген жолыңызға тәуелсіз әсер етеді. Егер сіз осы ережелерден бейхабар болсаңыз, сәттілікке қол жеткізу ұзақ әрі қиын болады.

Осы кітаптарда Саидмурод Давлатов анық



мысалдармен материалды байлық пен рухани байлық тығыз байланысты екенін дәлелдейді. Сол себепті алдын ала байлыққа ие болу үшін негізгі рухани байлықтың ережелерін қадағалау қажет. Ал оларды күнделікті өмірде қалай қолдану керектігін кітапта басты кейіпкерлер, қария мен тағдыр азабымен кездескен жігіт - Мехрон баяндап береді. Жастық шағын оқумен өткізген азамат бір сәтте жұмысынан айырылып, қарызға белшесінен батады.

Мехрон жан-жағындағы жылтыраған дүкен сөрелерін, құжынаған көліктерді, жұмыстарымен асыға келе жатқан адамдарды байқамаған сыңаймен қала ішін мұнды күймен кезіп жүреді. Басқаларға қарағанда ол ешқайда асықпады, асығатын жері де болмады. Сонша күш пен қуат жіберген және жарқын болашағы

мен үмітін байлаған жұмысынан шығарып жіберді. Осындай өмірдің қиын кезеңдерінің бірінде, досы Мехронды қала сыртына, әсем бақшасы бар бір қарияға апарады. Ақылгөй Мехронның көзқарасын өзгертумен жұмыс істейтінін айтып, қол астына алады. Мехрон ұстазының бақшасында жұмыс жасай бастайды. Қария оны өмірдің жаңа кезеңдерін ашуға ұмтылдырады, жан дүние байлығына кенелтуге көмектеседі. Тәлімгері Мехронға құтқарушы, өмір бойы ұмытпас ағартушыға, өмір бойы қарыздар жанға айналады. Жігіт қарт берген ақылдың жолымен жүріп отырады. Соңында мақсатына жетеді.

Мен бұл әңгімені оқи отырып, қиялымнан сурет тудырып, оны қағазға түсірдім. Нәтижесі төмендегідей.

Майя ҚҰБАШЕВА

«Элджернонға арналған гүлдер»



Кітап адам жанын жадыртып, қиялына қанат бітіретін дүние. Онымен дос болсаң, керемет уақыт өткізесің. Кейде кітаптағы ой жүрегіңнің түкпірінде сақталып қалады. Мен өзімнің туған әдебиетімнен Ғабит Мүсірепов, Дулат Исабековтің тағы басқа да

жазушылардың шығармаларын оқып, ойымды қиялға жетелетемін. Бүгінде М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын бастап оқып жатырмын. Кейде мені шетел әдебиеті де қызықтырып әкетеді. Бұл өзге әдебиетті төл туындылармен салыстыру сабақ барысында қажет болады. Сіздерге жанымды тербеген бір кітап туралы сыр ашқым келді.

Дэниел Киз - америкалық жазушы. Оның 1966 жылы «Элджернонға арналған гүлдер» атты романы жарық көрді. Бұл роман

алғашында әңгіме түрінде жазылған болатын және екі дүркін «Хьюго» сыйлығының иегері атанған. Кітаптың қысқаша мазмұнына келер болсақ, Чарли Гордон есімді 32 жастағы ақыл есі кем жігіт наубайханада еден жуушы қызметін атқарады. Ол өз еркімен ой өрісін арттыру мақсатында ғылыми тәжірибеге қатысады. Чарлидің тек бір ғана тілегені бар: таза, әрі сауатты жазып және оқып үйрену.

Романның ерекшеліктеріне тоқталсақ, әңгіме бас кейіпкердің есептемелері түрінде көрермен назарына ұсынылған. Алғашқы беттерде орфографиялық, грамматикалық қателер кездесіп ақыл есі кем адамның ойлары анық жеткізіледі, кейін бірте-бірте сөйлемдер құрылымы қиындай түседі. Чарлидің ақылының толықсып жатқандығы толық көрініс табады. Есептемелерді оқи отырып, негізгі кейіпкердің ішкі сезімін, күйзелісін, армандарын – бәрін де сезінесің. Өмірде Чарли Гордон секілді қоғамнан тыс өмір сүріп жатқандар мен әлемде өз орнын



табумен әлек адамдар қаншама десеңізші?! Ал олардың жан дүниесіне үңілетіндер өте аз. Неге? Адамдар неге соншалықты қатігез?

Роман желісінде Чарлиді ақыл есінің кем болғандығы үшін барлығы бірдей оны мазақ қылады, туған анасы өз ұлын, ал әпкесі ағасын мойындаудан бас тартады. Өмірде де сол секілді жағдайлар тым жиі кездеседі. Соншалықты пайдакүнем, адамгершілік қасиеттен жұрдай болу бізге ерекше сән бере ме? Әрине, жоқ. Автордың ақыл есінде ауытқуы бар жігіт туралы жазуы осындай сауалға жауап іздеу сияқты.

Кітаптағы тағы бір маңызды аспект адамның ой өрісі кең болған сайын мінез-құлқының өзгеруі. Бас кейіпкер миына ота жасатпас бұрын ақкөңіл, аңқау, сенгіш болса, отадан соң өзгере бастайды. Ол күдіктенеді, күйзеледі, бұрын-соңды сезінбегенді бастан кешеді және оның ішінде қызғаныш,

пайдакүнемдік, өзіне сену оянады. Ақылды болған сайын адамгершілігі төмендей береді. Ең өкініштісі де сол. Ақырында ғашығынан айырылып, жападан жалғыз қалады. Қанша жерден ақылды бол, бірақ бойында титтей болса да мейірімділік болмаса өзінді қалайша өнеге тұтар жанмын деп атайсың? Айтсаң да ол жалған нәрсе боп қалады.

Жеке өзіме кітап өте ұнады. Неге десеңіз, романдағы оқиғадан алар нәрсе мол және әр кейіпкердің қателігі тәжірибе жинауда маған көп көмегін тигізді. Соңғы сәттерде көзіме жас алып біздің еліміздегі дәл сол Чарли секілді дәрменсіз күйде жүрген, жүректеріндегі үміт оты өшкен адамдар жайлы ойладым. Бұл әдеби туынды жүрегімнен өз орнын алды, оған еш күмәнім жоқ.

Құралай ДҮЙСЕНОВА



«Некеленген»

Элли (Элисон) Каунди (Конди) – «Некеленген» романдар сериясы арқылы танымал болған америкалық жазушы. Оның қаламынан туған шығармалары жастардың жүрегін бірден жаулап алды әрі

NewYorkTimes-тің ең үздік шығармалары болып табылады. Қазіргі уақытта жазушының болашақта жүзеге асырмақ жобалары көп.

Ол Сидар қаласында Ютада дүниеге келді. Ағылшыннан бакалавр дәрежесін алып, Бригама Янга атындағы мормонский университетін тәмамдап, мектепте ағылшын пәні мұғалімі болып жұмыс істеген. Қазіргі уақытта өзінің сүйікті жұбайымен және төрт баласымен Юта қаласында тұрады.

Романның басты кейіпкері – Кассия

халқы қатаң бақыланатын, тәуелді, техникалары жоғары дәрежеде дамыған елдің тұрғыны. Бұл елдің бірінші адамы әрбір адамның қай жерде жұмыс жасайтынын, қай жерде тұратынын, кіммен болашағын байланыстыратындығын, тіпті қашан көз жұматындығын шешеді. Ал он жеті жасқа толған азаматтарға бірінші адам арнайы машина арқылы басқа қалалардан, шет аймақтардан, аудандардан жұп таңдап береді. Мұндай жүйе ажырасу санын азайту, халыққа көмек көрсету мақсатында ойластырылған.

Романның басында он жеті жасар Кассия және оның жан досы Ксандер «некелестірілген» зияпатына шақырылады. Кассия мен Ксандер бір-біріне адал, бір мүдделі, ортақ көзқараста болатын ажырамас жан достар. Екеуінде балалық шақтарынан бастап бір-біріне ыстық сүйіспеншілік болған. «Ең алғашқы махаббат басталады партадан» дегендей, екеуі үшінші



сыныпта партада бір-біріне бірден ғашық болады. Кассия Ксандермен некелескенді арман ететін еді. Өзінің айтуынша, Ксандер оның алғашқы және соңғы махаббаты, сондықтан онымен бірге болашағын байланыстыру -оның ең басты мақсаты. Бірақ бұл мақсаттың орындалу мүмкіндігі тым аз, себебі жаңа жүйе қабылданғаннан бері бір қала тұрғындары ешқашанда жұптаспаған. Бірнеше жылдардан соң, Ксандер мен Кассия есейіп, он жеті жасқа

толғаннан кейін, «некелестірілген» зияпатына шақырылады. Кассия үшін бұл күн тосын жағдай, себебі Ксандердің өзге қызбен жүруі оған үйреншікті әрекет емес.

Оқиғасы қызық па екен? Соңы немен аяқталатынын айтпаймын. Тауып алып оқуға кеңес беремін. Кітап оқу – өзіңді оқу екенін ұмытпайық.

Альфия Максимқызы



«P.S. Мен сені сүйемін»

Менің көркем әдебиетке құштарлығым бала кезден басталған-ды. Мен төл әдебиетімізден М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романын қызығып оқыдым. Сөз көркемдігін, сөз өнерін үйренудемін. Сонымен қатар шетел әдебиетіндегі шығармаларды орыс тіліндегі аударма арқылы кейде ағылшын тілінде оқып білудемін. Соның бірі – Сесилия Ахерннің «P.S. Мен сені сүйемін» романы. Бұны сол ағылшын тілінде оқудамын.



Сесилия Ахерн — романтикалық романдардың авторы.

1-бөлім

Холли ауыр жағдай үстінде еді. Жүрегі дір-дір қағып, тыныштық пен жалғыздыққа оранған ол әр кез бақытты шақтарға толы естеліктерді, күйеуін есіне алып, қайта-қайта қайғы сезіміне бата түсті. Ал қайғы себебі

– күйеуінің қатерлі ми ісігінен қайтыс болуында. Таңертең бір мезетте қоңырау дыбысы естілді. Бұл – анасы еді. Хал-жағдайын сұрап, ол қызына бір хат келгенін жеткізді. Ал хатта «Тізім» деп жазулы тұр екен. Мұны естіген Холли телефонды құлатып алды.

2-бөлім

Тағы бір естелік... Холли шамды өшіруді ұмытып кеткен еді. Ал Джерри әзілдеп, өлер алдында шамға, жылытқышқа, сүт пакетіне қысқа хат қалдырып кететіндігін айтқан. Осы кезде Холли істеуі қажет заттардың тізімін жасау туралы әзіл де пайда болған еді. Олардың ортақ достары – Шэрон және Джон Маккарти болатын. Осы Джон Холлиге 14 жасында досының онымен танысқысы келетіндігін жеткізеді. Ал құрбысы – Шэрон болса көндіруге тырысады. Міне, сол уақытта Холли және Джон танысқан болатын. Олардың үйленген күні Холли үшін ең бақытты күн болмады. Бұл күн үй ішіндегі шумен басталды. Сіңлісі Киара не киерін білмей, өз көйлегін ұнатпай тойға барғысы да келмеді. Әкесі бұл тойдың апасынікі екендігін ескертіп, көндірді. Ал барлық айқайды естіген Холли тіпті төменге түскісі де келмеді. Шіркеуге жеткенде де жан-жақтан әр түрлі туысқандар келіп, Джерримен сөйлесуге уақыт та бермеді.



Кеш соңында Холли қайта-қайта жымыюдан, жүгіруден шаршап қалды. Өз достарының дастарқанына қосылғысы келді...

3-бөлім

Таң атысымен Холлидің үйіне Шэрон келді. Холлидің түрін көріп, бірден жуынуға жіберді. Ал өзі үйді ретке келтіре бастады. Бір сағат ішінде-ақ Шэрон барлық үйді тазалап, шаңын кетіріп те үлгеріпті. Кейін екеуі шай ішіп, әңгімелесті. Холли бар қайғысымен бөлісті. Ал Шэрон күндегідей оған ақыл айтып, қолдау көрсетті. Шэронның келуі Холлиге ерекше жылы сезім сыйлады. Екеуінің бірге өткізген бір күні арқылы Холли Джон екеуінің де өз досынан айырылғандығын, осы күндер бойы ол тек өзін ғана ойлап жүргендігін түсінді. Ертең хатты алып кетіп, өмірді дұрыс кеше бастайтындығына уәде берді.

4-бөлім

Келесі күні Холли ерте тұрып, досы шаштаразшы Леоға барды. Өз-өзін ретке келтіргісі келді. Лео оны көріп, бірден кезексіз қабылдап, шаш стилін өзгеруге көмектесе бастады. Хал-жағдайын сұрап, әңгімелесті. Лео Холлиді әртүрлі оқиғалармен, әзілдермен күлдірді. Салоннан шыққанда Холлидің көңіл-күйі өте жақсы болатын. Кейін ол бірден ата-анасының үйіне барды. Онда оның 22 жасар інісі Декланның бір топта ойнайтындығын біліп алды. Ол – әрдайым камераны қолынан тастамайтын, кинопродюсерлік оқып жатқан жігіт еді. Анасы жұмыс туралы да сұрады. Себебі Холли бұрынғы хатшы болып жасаған жұмысынан шығып кеткен болатын. Әлі де жұмыс іздеп бастамаған екен. Холли және Элизабет екі сағат бойы әңгімелесіп отырып қалды. Ақырында Холли хат туралы сұрады. Хатқалтаны ашқан уақытта ішінен 10 кішкентай қағаздар шықты. Әрбіреуінде ай аттары жазулы тұрды. Сол мезетте Холли күйеуінің қолтаңбасын танып қалды.

5-бөлім

Холли хатты оқи бастады. Мұнда күйеуінің ішкі сезімдері жазылған. Холлиден өткен естеліктермен өмір сүре бермей жаңа өмірге қадам аттауын сұраған. Өзінің еш нәрсеге де өкінбейтіндігін айтып, алғысын білдірген. Ал Джерридің хатын оқыған Холли бірден көзіне жас алды. Әрбір кішкентай хат әр айға арналған, ал әрбір айға әр түрлі тапсырмалар берілген. Міне, Холли өтіп кеткен Наурыз айының хатын ашты. Мұнда «Білте шам сатып ал және көгерген жерлеріңнен айырыл! P.S. Мен сені сүйемін...» деп жазулы тұрды. Холли жылауын тоқтатып, күле бастағанын байқамай да қалды. Джерри қайта оралды! Холли бірден Шэронға қоңырау шалды. Шэрон да, Джон да Холлидің айтқан хабарына таңғалды.

6-бөлім

Холли Шэронның үйіне барып, үшеуі Джерридің хаттарын әңгімелеп, ақылдаса бастады. Екеуі де Джерридің бұл ойы туралы білмеген екен. Үшеуіне де бұл ерекше жаңалық болды. Джерридің өз уәдесін сақтап қалғанына қуана түсті. Сәуір айы болғандықтан, сол айдың хатын ашуға бел буды. Бұл хатта «Диско-дива әрқашанда өте жақсы киінуі тиіс. Өзіңе жаңа көйлек сатып ал. Келесі айда қажет болады! P.S. Мен сені сүйемін...» деп жазулы тұрды.

7-бөлім

Холли қайта-қайта білте шамды қосып-өшіріп жатты. Көңілі көтеріңкі болды. Сол күні Шэрон екеуі «Төсектер, тұтқалар, швабралар» дүкенінен өз бөлмесіне сәйкес келетіндей білте шам сатып алған екен. Бір мезетте телефон шырылы естілді. Бұл сіңлісі Киара екен. Киара Австралиядан үйіне оралыпты. Енді мерекелік кешкі асқа шақыруда. Ата-анасының үйінде барлық отбасы мүшелері Ричард және Мереди, балалары, Джек және Эбби, Деклан болады. Холли және Джектің арасында өте жақсы қарым-қатынас бар екен. Кішкентай кезінен



екеуі әрдайым бірге жүрген еді. Джек 7 жыл бойы өзінің сүйген қызы Эббимен бөлек тұруда. Ал Ричард – Холлидің ең үлкен ағасы. Ол тек белгілі бір ережелермен өмір сүретін, достары да жоқ, ешкіммен жылы сөйлеспейтін, жайдарлы мінезбен де ерекшеленбейтін жан. Әйелі Мередит те жабырқаңқы әйел. Міне, кешкісін Холли қаншалықты барғысы келмегенімен, кешкі асқа баруға мәжбүр болды. Мұнда барлығы да жиналып қалыпты. Үй айқай-шуға толы. Дастарқан үстінде Киара Австралияда болған оқиғалармен бөлісті, әзіл де айтылды, ұрысқа да жақын сәттер байқалды. Кейінірек Киара өз сыйлықтарын берді. Осылайша, Холли осы күнін отбасы аясында өткізген еді.

8-бөлім

Холли Джерридің айтқанын орындап, жаңа киім сатып алды. Леоға шаш үлгісін жасатып алды. Себебі бұл күні ол 30 жасқа толып жатқан еді. Лео да өз құрбысының туған күнін ұмытпай, салонда жұмысшыларымен бірге торт сыйлады. Бұл Холли үшін күтпеген жағдай болды, көңілін көтеріп жіберді. Кешке ол өз туған күнін Шэрон, Дениз, Эбби, Киарамен өткізді. Қонақтардың қатарында Деклан да болды. Ол оператор қызметін атқарып, барлығын өз камерасына түсірді. Қыздар тілектерін айтып, сыйлықтарын берді. Әр сыйлық та ерекше болған еді. Бірнеше шампан бөтелкесі, қызыл шараптар ашылды. Кейін қыздар таксиге отырып, «Будуар» клубына жетті. Қыздардың барлығы да шарапқа тойып алған. Келесі күні Холли ұйқысынан басы ауырып, шаршаған күйде тұрды. Шэрон хабарласты. Екеуінің де есінде еш нәрсе жоқ. Холли кері ұйқыға кетіп, кешкі 9-да ғана тұрды. Джек қоңырау шалып, ертеңгі күнге Декланның концертіне шақырды. Декланға қолдау көрсеткісі, Холлимен әңгіме айтып, қыдырғысы келеді екен. Холли ешқайда да шыққысы келмегенімен Джекке келісім берді.

9-бөлім

«У Хогана» пабына жеткен кезде клуб іші жастарға толы болатын. Холли інісінің жанкүйерлердің ортасында тұрғанын көрді. Кейін Деклан Холлиге жақындап, Холлиді бұл пабтың иесі Дэниелмен таныстырды. Бұл шақта Джек те келіп қалды. Үшеуі біраз әңгіме айтты. Бұл кеште Холли інісінің 4 әнін тыңдап, Джек пен Дэниелмен қоштасып кетіп қалды. Ол мамырдың хатын ашуға асық еді. Дегенмен 12-ге дейін әлі 2 сағат бар болды. Бұл уақытты Холли қалай жоярын да білмей, әрлі-берлі теңселіп жүрді. Уақыт та келіп, Холли хатын ашқанда, мұнда «Кэнеки, Диско-дива! Осы айда «Дива» клубында каракедан қорқынышыңды жеңіп көр! P. S. Мен сені сүйемін...» деп жазулы тұрды. Бірнеше рет Холли «Ешқашан!» деп қайталады да, күлкісін тыя алмай, «Джерри! Мен караокеге енді ешқашан да бармаспын! Ойлаушы да болма!» деп айқай салды. Сол кезде Шэрон да қоңырау шалып, асығыс хаттағы тапсырма туралы сұрады. Шындықты білген соң Джон мен Шэрон қайта-қайта күліп, күлкісін тіпті тыя да алмады. Шэрон Холлиді көндіруге тырысты. Бірақ Холли бұрынғыдай жағдайға ұшырағысы келмеді. Бұл түні ол ұйықтай алмады.

10-бөлім

Таңертең Холлидің үйіне Ричард келді. Бұл Холлиді таңғалдырды. Тіпті Ричард қарындасының сүйікті гүлдері – орхидеяны алып келіпті. Холли ағасына қаншалықты разы болғанымен, оның үйінде қалуын қаламаған еді. Дегенмен, Ричард шай ішуден бас тартпады. Екеуінің әңгімесі тыныш өтті. Ричардтың Холлиден жұмыс және балалар туралы сұрақтар қоюы, оның күйеуінен айырылып, жалғыз қалғанын есіне түсіруі, Холлидің сезімдері туралы ойламауы оны ызаландыра түсті. Көңілі түсіп, Ричард кеткен соң, тыныштала бастады. Қалайша соншалықты еш нәрсе де түсінбеуге болады?

Альбина Қыдырқожа



ҚАЗАҚ БЛОГЕРЛЕРІНІҢ ҚАРЫМЫ ҚУАНТАДЫ

Қоғамда интернет қолданушылардың белсенді шоғыры қалыптасты. Оларды блогерлер деп атайды. Блогерлер – олар кімдер? Блогер – тәуелсіз ғаламтор журналисі, өзінің өмірін, көзқарасын, ойын ғаламтордағы миллиондаған оқырман назарына ұсынатын «жанкешті». «Өзі қожа, өзі би», ешкімге бағынышты емес, ақпарат кеңістігінде еркін ой ақтаратын белді сыншы, болған немесе болатын жайттарға өзінің жеке пікірін білдіре алатын көзқарасы бөлектеу тұлға. Қазіргі ақпарат ғасырында әлеуметтік желілер мен интернетті тиімді пайдалануда блогшылардың қоғамдық пікірді қалыптастыруда қосар үлестері зор. Елімізде бүгінгі күні 300-ге жуық қазақ тілінде блог бар. Ал блогердің кем дегенде мыңнан басталып, миллионға дейінгі оқырманы бар. Сондықтан, кез-келген мемлекет үшін блогерлер «әлеуетін» тиімді пайдаланудың маңызы зор. Соңғы жылдары еліміздің интернет кеңістігінің даму барысын таразыға тартатын жиындар республикамыздың әр аймағында жиі ұйымдастырылуда. Соның бірі – жыл сайын әр аймақта дәстүрлі түрде өткізілетін

«Блогқұрылтай». Биыл қазақ блогерлерінің өзара тәжірибе алмасуы мен жаңа медианың мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуді көздеген шара Тараз қаласында наурыз айының соңында өтті.

Қауышулар мен танысулар күні

«BlogCamp: Блог Құрылтай – 2016» іс-шарасы жаңа медиа мамандарының, сайт жасаушылардың өзара тәжірибе алмасу алаңы болды. Жалпы, осыған дейін аталмыш шара Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Талдықорған қалаларында ұйымдастырылған еді. Шараға Қазақстанның өңірлерінен, Астана мен Алматы қалаларынан және жақын шет елдерден 150 блогер қонақ келіп, жалпы 300-дей белсенді интернет қолданушылары қатысты. Басты мақсат – қазақ блогшыларының өзара танысуы мен тәжірибе алмасуы арқылы оның сапалық деңгейін көтеру. Азаматтық қоғамды қалыптастырудағы әлеуеттерін арттыруға себепші болу. Қазақ тіліндегі блогтарға қатысты заңнамалық мәселелерді талдау.



Блогқұрылтайдың алғашқы күнінде облыс әкімі Кәрім Көкірекбаев келген қонақтарды жылы қабылдады.

- «BlogCamp: Блог Құрылтай – 2016» шарасының киелі Тараз қаласында өтуі тегін емес. Бүгінде Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Әулиеата шаһары салтанаты асып, түрленіп, көркейе түсті, -дей келе аймақ басшысы өңірдің саяси, экономикалық, рухани дамуы деңгейін қозғап, жастар арасында жүргізіліп жатқан идеологиялық жұмыстарды сөз етті. Өз кезегінде блогерлер өз ойлары мен ұсыныстарын айтты. Әсіресе Алматы қаласынан келген Федор Яков пен Елордадан келген Қанат



Әуесбай сынды белді блогшылардың ұсынысы көпшіліктің көкейінен шықты. Облыс әкімінің қонақтарды қабылдауынан соң «Тараз-Арена» спорт кешенінде спорттық жарыстың бірнеше түрінен жолдастық кездесулер өткізілді. Атап айтар болсақ, кіші футбол, волейбол, арқан тарту, гір тасын көтеру, үстел теннисі, шахмат, жүзу сынды спорт түрлерінен блогшылар сайысқа түсіп, ғаламторда ғана емес, жалпы өмірде де ссалауатты өмір салтын ұстанатындықтарын дәлелдеді.

Жарыс барысында Ұлттық интернет ассоциациясының вице-президенті, «BlogCamp: Блог Құрылтай – 2016» іс-

шарасының үйлестірушісі Данияр Аланнан блогқұрылтайдың қайдан бастау алғанын және шараның алдағы жоспарларын сұрады.

- Блогшылардың алғашқы құрылтайы 2011 жылы белгілі саясаттанушы Ерлан Қаринның бастамасымен қолға алынды. Ол кісі «Twitter» әлеуметтік желісінде отырып, блогшылардың басқосуын ұйымдастыру туралы ой тастады. Көп ұзамай, Ерлан мырзаның идеясын елімізге танымал блогер Асхат Еркімбаев іліп алып, өз студенттерімен әлеуметтік желілердегі достарымен бірігіп, блогқұрылтай өткізуге дайындық жұмыстарын бастап кеткен еді. Осылайша блогшылар 2011 жылы Алматыдағы КИМЭП университетінде бас қосты. Алғашқы жиынға еліміздің барлық өңірлерімен бірге Қытай, Жапония, Германия, Моңғолия елдерінен 150-ге жуық блогшы қатысқан болатын. Блогшылардың басқосуына Ерлан Қарин, Бекболат Тілеуханов, Мұрат Әбенев сынды елімізге танымал тұлғалар арнайы шақыртылды. Келесі жылы бұл құрылтай Астана қаласында ұйымдастырылды. Ал 2013 жылы көшпелі құрылтай Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Шымкент қаласына табан тіреді. Сол шараның басы – қасында ұйымдастырушы ретінде өзім жүрдім. Құрылтайдың ресми бөлігі М.Әуезов атындағы мемлекеттік университет базасында өтсе, негізгі бөлігі «Бәйшешек» сауықтыру лагерінде жалғасын тапты. Басқосуға қатысуға бас-аяғы 380 адамнан өтініш түсіп, оның 220-сы қатысты. Қытай, Түркия мемлекеттеріндегі қандастарымыз да құрылтай жұмысының бел ортасында жүрді.

Шарада «Асыл арна» ислами-ағартушылық телеарнасының бас директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұхамеджан Тазабек қазіргі таңдағы ғаламтордың пайдасы мен зияны жайында айтып, блогшыларға тәрбиелік мәні зор жазбалардың қазіргі қоғамда айрықша орын алатынын жеткізді.



– Социология ғылымында «Вертер синдромы» (Sindromul werther) деген бар. Бұл синдром бойынша, бір рет жасалған жауыздық актісі ақпарат құралдарынан кеңінен айтылып, жазылып, көрсетіле берсе, бұл қаніпезер әрекет домино әдісімен елдің әр қиырынан қылаң беріп, ұласпалыға айналады. Мәселен, өзіне-өзі қол салу әрекеті. Сондықтан лажы болса, мұндай қайғылы тақырыптарды жиі қозғап, соған екпін қойып маздата беру орнына барынша шектеп, тіпті, тиым салса да артық емес деп санаймын. Үндеуіме ақпарат құралдарының құлақ асқанын қалаймын, деді журналист, «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегері Қанат Әуесбай.

Сонымен қатар, «Жігер. Абырой. Сана» қоғамдық бірлестігінің президенті Есен Елеукен мен Қытайдағы қандас бауырларымызға арналған «Сен – Қазақ» сайтының редакторы Ақытбек Шеризатұлы да өз ойларын ортаға салып, шараға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Одан соң 3 бағытта секциялық жұмыстар мен шеберлік сыныптары өткізілді. Маралбек

Сағынғанов «Журналистің негізгі міндеті – ақпаратты дұрыс жеткізу», Мұхаммеджан Тазабек «Жағымды және жағымсыз ақпараттарды қабылдау», Нұрлан Жанай «Салалық блогерлер», Жалғас Ертай «Дырдунеюс», Ақытбек Шеризат «Қытайдағы интернеттің даму жүйесі», Ұлықбек Алиакбарұлы «Ютуб арқылы қалай қаржы табуға болады», Әйгерім Әлімжан «Медиасауаттылық», Өркен Кенжебек «Инстаграм для чайников» тақырыптарында және өзге де блогшылар өз тәжірибелерімен бөлісті. Түрлі пікірлер мен әртүрлі көзқарастар да ортаға салынды.

Биылғы блогқұрылтайдың басты ерекшелігі – Қазақстан республикасының Білім және Ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің блогшылармен кездесуі болды. Онда министр интернеттің белсенді қолданушыларымен «TED» форматында әңгіме өрбітті. Әңгіме ғаламторды жастардың тиімді пайдалану-



ынан басталып, бастауыш сыныптарда үш тілді қатар оқыту, оған маман дайындау, мұғалімдердің құқы қорғау, жоғары оқу орындарындағы ғалымдардың жағдайы және басқа да түйінді мәселелерге жалғасып жат-ты.



Ерлан Кенжеғалиұлы жаңадан қабылданған мемлекеттік бағдарламаның бір бағыты – қазақ тілін дамыту туралы ойларымен бөлісті.

– Елімізде қазақ тілін үйрететін дұрыс, сапалы әдістеме жоқ, – дейді Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев. – Ағылшындарда, финдерде осындай әдістемелер бар. Адам 4-5 айдың ішінде сол елдің тілінде сөйлей бастайды. Біз де сол сияқты қазақ тілі үшін осындай әдістеме жасайтын боламыз. Ол үшін орта мектептердегі қазақ тілінің білімді ұстаздарын шетелге оқуға жіберу қажет. Біз көбінесе қазақ тілін жақсы меңгерсе, сол үздік маман деп ойлаймыз. Бұл дұрыс емес. Ең алдымен қазақ тілін біліп, сосын ағылшын тілін меңгеріп, Гарвард сияқты оқу орындарында білімді

лайзия үш тіл, Бельгияда міндетті түрде 4 тіл қалыптасқан. Жас баланың екі-үш тілде сөйлеуі оның миын, ойлау қабілетін дамытуға әсері бар. Америкада және басқа да елдерде осы мәселе зерттелген. Зерттеуші ғалымдар екі-үш тілде сөйлейтін 7-8 жастағы бала миының байланыстары бір тілде ғана сөйлейтін балаға қарағанда, 20 пайызға көбірек дамитынын айтуда. Себебі, балаға неғұрлым көбірек талап қойылса, жүктемелер бірте-бірте көбейтілсе, олардың қабілеті еш қиналмастан арта түседі, – дейді министр. Сондай-ақ, жас блогерлерге Ерлан Сағадиев «Қазақша сөйлегендерге күліп қарауды тоқтату керек», «Креативті жастар, бізге келіңіздер, бірге жұмыс жасайық» деп ұсыныс айтты.



жалғастырсаң, сонда ғана ең білімді тәсілгер болып шығасың. Сондықтан осындай білім ордаларына Елбасының «Болашақ» бағдарламасы арқылы қазақ тілі мамандарын оқуға жібереміз.

Сосын баланы кішкентайынан екі, үш тілде сөйлеуге үйрете бастаған жөн. Көптеген халықтар екі-үш тілде сөйлейді. Мысалы, Израиль екі тіл, Швейцария, Голландия, Ма-

Одан соң шараға қатысушылар министрге сауалдары мен өз ұсыныстарын жеткізді. Мәселен, Аятжан Ахметжан есімді блогер өзінің мұғалім болып қызмет ететінін айта келе, ұстаздарды қағаз бастылықтан құтқарыңызшы деген ұсынысын жеткізді. Бұл кездесуде маңызды мәселелер талқыланды.

Кездесуден соң, ең үздік презентациялар мен старт-аптар таныстырылды. Соңынан облыстық кәсіпкерлер

палатасының директоры Қарлығаш Аралбекова өңірдегі кәсіпкерлерді қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту жөнінде сөз сөйлеп, блогқұрылтайды қорытындылады.

Блогқұрылтайдың соңғы күнінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығында блогшылар 25 түп ағаш



отырғызып, «Біздің өлке» атты экскурсия өткізілді. Қонақтар «Көне Тараз» тарихи-мәдени орталығы, облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, «Төрткүл» керуен-сарайы, Айша бибі, Қарахан, Тектұрмас кесенелерін аралады.

Өркен КЕНЖЕБЕК,

«Хабар» Агенттігінің Арнайы жобалар қызметінің жетекшісі.

– Негізінен, «BlogCamp» Америкада, Еуропа елдерінде көптеп ұйымдастырылып тұрады. Оларда «Camp» өткізуге қызығатын адамдар белгілі бір қаланы таңдап, осы тектес жиындарды өткізеді. Ал біз бұл форматқа өзгеріс енгіздік. Яғни, біздегі құрылтайлар көшпелі. Неге десеңіз, біз жұмысты бір қалада ғана жүргізе берсек, географиялық ауқымымыз тарылып қалар еді. Құрылтайды өткізуде көшпелі форматты қолға алу арқылы біз өңірлерде блогқа қызығушылардың ортасын қалыптастыра алдық. Бұған дейін құрылтай өткізілген 5 қаланың барлығында блогшылардың ортасы қалыптасып үлгерді.

Тараздағы «Блогқұрылтай» бұл қазақша жазатын барша интернет белсенділерінің, блогерлерінің, трендсеттерлерінің басын бір қосып, қордаланған мәселесін қарап, ұсыныстарын айтып, бастамасын көтеріп қалуға таптырмайтын алаң болды. Әрі республикалық шараның Тараз төрінде өтуі міндетті түрде мультипликативті әсерін беріп, жергілікті жастардың блог пен әлеуметтік желілерде белсенділігін арттырады. Әсіресе, жастар мұнда әлеуметтік желілердегі селф-брендинг негіздерін білу, Клоут рейтингіне ілігу, сайттың қаралымын арттыру, мобильді фотография негіздерін үйрену, SEO мен SMM мүмкіндіктерін зерттеу секілді тақырыптарда толық мағлұмат алып, білімін толықтырады, кәсіби блогшылармен таныстығы артып, нетуокингтік қасиеттері күшейеді. Ал еліміздің түкпір-түкпірінен келген танымал блогшылар

Тараз қаласы туралы пост жазып, фотобайқауға қатысуы арқылы Қазнетті біздің өңір жайлы танымдық, талғамды материалдарға байытып кетеді. Төкетері, Жамбыл өңірінің жақсы істерін жарнамалаудың бірден-бір жолы – осы. Сондықтан, бұл шараның қай тарапқа болсын берері мол!

Еркебұлан Құралбаев,

облыс әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы:

- Өңірімізде өткізілген құрылтай өңірдегі ақпараттық сауаттылықты арттыру мен блогерлердің қатарын көбейтетіндігі сөзсіз. Ең бастысы, жан-жақтан жиналған блогерлер өңіріміздегі тарихи, мәдени нысандарды аралап, әлеуметтік желі арқылы оларды жарнамалады. Тек тараздықтар ғана емес, еліміздің басқа аймақтарындағы тұрғындар облысымыздың тыныс-тіршілігімен жан-жақты танысуға мүмкіндік алды. Құрылтай аясында тәжірибелі мамандардың дәрісін тыңдап, пайдалы тренингтерге қатысуға мүмкіндік туды. Құрылтайдың тағы бір өзіндік ерекшелігі – қазнетке сапалы контент қосу, қазақ блогосферасын жандандыру, оқырмандарды Жамбыл облысының тарихымен, ондағы халықтың әлауқатымен, атқарылып жатқан жұмыстармен таныстыру мақсатында «Мен тамашалаған Тараз» тақырыбына блогшылар арасында конкурс өткізілуінде. Осы байқауға қатысушылар «Тарих», «Даму», «Тараздықтар» атты тақырыптық бағыттары бойынша пост жазып жариялады. Ал үздіктер конкурс қорытындысы бойынша жеңімпаз атанып, I, II және III орындар бойынша бағалы сыйлықтармен марапатталатын болады.

Наурызбек САРША,
журналист.



«БІР АДАМ ЖАМАН БОЛСА, ОҒАН ЗАМАНДАСЫНЫҢ БӘРІ «ВИНОВАТ»

Жамандықты жар сала жарнамаламайық

Ұзақ жылдар бойы мектеп директоры, Т. Рысқұлов аудандық білім бөлімінің басшысы қызметтерін атқарған және бірнеше мәрте аудандық мәслихаттың депутаты болған Сейітжан Өскенбаев (марқұм) бірде: «Жамандықты айтқан сайын көбейеді. Жан түршіктіріп, жаға ұстатар әрекеттерді көпшіліктің көзінше айта бермеуіміз керек» деген еді. Сол сәтте осы сөздің байыбына үңіле қоймаған едім. Орайы келгенде айтыла салған пікір деп қана қарадым. Арада бірнеше жыл өткенде осы сөздің жаны бар екеніне көзім жетіп отыр. Қазіргі қоғамдағы болып жатқан жайттар осыған дәлел болып тұрғандай.

Жаңа жылдық демалыста ауылға барғанмын. Құланда болған оқиға туралы сонда естідім. Қалаға келгенімде ауылдан жырақ тұрған жол бойындағы әжетханаға баласын туып тастап кеткен безбүйрек ана туралы әлеуметтік желілерде әңгіме қызып тұр екен. Осы оқиғаның артынша Талас ауданында жан шошырлық оқиға орын алды. Тасбауыр анадан туылып, басы тасқа тиген бейкүнә нәрестенің ғұмыры сол жерде үзілгені талай жанды ауыр мұңға батырғаны анық. Шынымен, бұдан өткен қасірет жоқ болар. Олардың бұл әрекетін Алла алдында да, қоғам алдында да ешкім ақтап ала

алмас. Анасы мен қызының мұндай қатігездікке не үшін барғанын кім білсін?! Мүмкін олардың осы әрекетін басқалар қайталамау үшін осылай жеккөру сезімін туғызу керек те шығар. Әйтеуір, олар бұдан кейін көзге шыққан сүйелдей болып қалатындай болды.

Олар неге мұндай жауыздыққа барды? Бұл сауалдың жауабын мен де іздеп көрмек болдым. Ананы мұндай жағдайға не итермелегенін де білгім келді. Алайда іле шала бұл ойымнан айналып қалдым. Оған қос оқиғаны қызу талқылап жатқанда, Ақмола, Талдықорған, Атырау облыстарында дәл осындай оқиғалардың қайталануы маған тоқтау салды.

Қоғам болып, келеңсіз оқиғаларды көзге шұқығандай қайталап, «жарнамалай» берудің қаншалықты қажеті бар. Осы жағдайларды тағы да айта түссек, «жоспарсыз» құрсағына біткен шаранадан «дәл осылай оңай құтылғысы келетіндер» көбейе түспесіне кім кепіл.

Мектептен – перзентханаға

Бір айдың ішінде орын алған осы екі оқиғадан кейін білім, денсаулық сақтау саласының мамандары келеңсіздіктің алдын алу шараларына қызу кірісіп кетті.



Жасөспірімдермен кездесулер өткізіп түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Қыз балалар қатаң бақылауға алынып, жүріс тұрысы «тәртіпке» салына бастады. Мектепте оқитын жиен сіңілім: «Ауданнан келіп кездесу өткізген мамандар бір ауылда екі қыз баланың босанып отырғанын айтып берді. Бізге сендер де сондай қадамға барып, жаза баспаңдар деп ескерту жасады» деді. Бұндай мысалдар басқа облыстарда да бар шығар.

«Ауру туралы айта берсе, саудың да сабыры кетер» деген сөз бар. Біздің келеңсіз жайттарды күн құрғатпай қайталап айта беруіміздің салдары екінші бір жағымсыз әрекеттің белең алуына себеп болып жүрмесін. Әрі беріден кейін жеткіншек қыздардың жаза басып қателесуіне ата-ана, мұғалім, психолог, дәрігер ғана кінәлі емес, оған бүкіл қоғам кінәлі. Абайша айтсақ, «бір адам жаман болса, оған замандасының бәрі «виноват».

Жағымды жаңалық неге аз жазылады

Жақында ұлттық арнадан бір полиция қызметкерінің жол бойында аяғы ауыр әйелді босандырып, ерлік жасағаны туралы түсірілім көрсетілді. Бұған дейін бала босандыруда жасалатын іс әрекеттен бейхабар азаматтың еш саспай, баланың аман-есен дүниеге келуіне көмектескені сүйсіндіреді. Бірақ, бір қызығы

бұл оқиға жоғарыда біз сөз еткен келеңсіздіктер сияқты аса көп жарнамаланған жоқ. Неге екені белгісіз жағымды жаңалықты бір-бірімізге жеткізуге асықпадық. «Жақсылықты бөліссең көбейеді», – деген қазақ осы азаматтың азаматтығын айтуды «эксклюзив» деп санамаған секілді.

Түйін: «Ел болам десең, бесігіңді түзе» дейді. Әрбір отбасы қоғамның кішкентай бір бөлігі. Сол қоғамды өркениеттілікке жеткізу ең алдымен, отбасындағы тәрбиеден басталмақ. Иә... бүгінде жігіттеріміз елдің қамын ойламақ түгілі, қыздардың өмірін бір түндік ойынға айналдырып, соңында некесіз туған балалар көбейіп кетті. Безбүйрек аналар балаларын тастап ойланбастан кетіп жатыр. Ол балаға кейін анасының аялы алақанының жылуын сезбек тұрмақ, бет-бейнесін көргісі келіп, бір иіскеудің өзі оның арманына айналатыны анық. Сәбилер үйіне бас сұға қалсаң көздері жәудіреген жетімдер. Олардың басым бөлігі казактар екенін көргеніңде ішің ашиды. Тастанды балаға әке өзінің тегін бермек түгілі, маңынан да жүрмейді. Ол баланың тәрбиесіне, өсіп-жетілуіне мемлекет қана жауапты болады. Сонда еліміздің болашағы қандай болмақ деген ойға қаласың. Осыдан келіп, бала өзінің кім екенін, қайдан шыққанын білмей өседі.

Камила БОРАШОВА,
журналист.

Жамбыл облысы



•Халық даналығы

**Ауру туралы айта берсе, саудың да
сабыры кетер.**



Жеңісбек КӨКЕНОВ

Алматы облысында дүниеге келген. 2006 жылы Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетін тәмамдаған. Әңгімелері республикалық баспасөз беттерінде жарияланып келеді. Журналымыздың тұрақты оқырманы әрі авторы.



ИІРІМ

– Е-е-ей, қайыссың барсың? Батты ғой ана қыз. Е-е-ей, өлді ғой ана қыз.

Кезекті демалысымды алып, Қапшағай жағажайында демалып жатқан болатынмын. Жанұшыра айғайлаған әйелдің ащы дауысынан атып тұрып, апыл-ғұпыл киіне салдым да, елдер топталып, жиналып тұрған жерге лезде жетіп бардым. Барсам, судың қақ ортасында бір қыз суға бір батып, бір шығып, жағаға малтып шыға алмай тұншығып жатыр екен.

– Күте тұрыңыздар, қазір құтқарушылар келеді, – деп адамдарды жан-жаққа итермелеп, суға ешкімді жақындатпай қарап тұрған күзетшінің сөзіне қарамастан қалың топты жарып өтіп, суға бірден қойып кеттім.

Тілсіз жаумен арпалысып жүріп, қызды жағаға алып шығып жерге жатқызғанда барып бір нәрсе есіме түскендей болды. Жаңылыспасам, бұл сол қыз. Соның өзі. Сон-

ша жылдан бері жолықтырмай келіп, енді кезіктіргенін қарасаңызшы? Одан бері қаншама жыл өтті? Қаншама жыл?

Дәл осындай оқиғаға мен мектепте алтыншы сынып оқып жүргенде куә болдым. Оқу жылы аяқталысымен ұлдар-қыздар бәріміз жиналып, сынып жетекшімізбен бірге «Бартоғай» су қоймасынан ағатын аяққы өзенге көкке шықтық. Өзеннің тастай тентек суы аспанға ақ көбігін шашып, күркіреп ағып жатты. Бас кезінде суға жақындамақ түгілі, маңайына да жолай алмай жүрдік. Алыстан тұрып лақтырған тасымызды қылқ еткізіп жұтып қояды да, біраз жерге дейін тықырлатып ағызып барып, артынша өзеннің сарқырамасынан естілмей жоқ болып кетеді.

Балалардың көңілі алғашында суға емес, қаладан келген қызға ауған еді. Қаладан келген



қызымыз, баяғыда өзімізде бастауыш сыныпта оқып кеткен Айсұлу. Бәрінің екі көзі сонда. Бір-біріне қарап:

– Мә, қандай әдемі болып кеткен, – деп таңқалып қояды.

Олжас деген қылжақбас Айсұлуға қалай жақсам екен деп ана жағынан бір, мына жағынан бір шығып, жерден құшақ-құшақ гүл теріп беріп жағымпазданып жүр. Жерге түсіп қалған гүлдерін қолына қайта жинап теріп береді. Болды, керек емес десе де болар емес. «Мә, алсаңшы, ал деймін» деп құшағына зорлап тықпалай береді.

Кейбір ұлдар өздерінше Айсұлуды сырттай иемденіп алды. Сол үшін бір-бірімен ерегесіп, төбелесіп те алды. Оларға ұқсамай бойымды тік ұстап, өзімді салмақты көрсетуге тырысып, жат қылықтардан аулақ жүрдім.

Тауға барғалы Айсұлу Жанар апайдың қасынан алысқа ұзап шықпады. Қыздар да сол айналада. Ал ұлдар болса балақтарын түріп тастап, жалаң аяқ футбол ойнап жүр. Өзеннің арнасынан тасып ағып, ағаштардың арасымен жан-жаққа жылтырап аққан, жайдақ майда суларды аяқтарымен шылқылдатып кешіп ойнап, ойынның қызығына кіріп кеткен.

Көктемнің бүгінгі жанға жайлы шуақты күні тіпті ерекше. Жер әлем адам танымастай құлпырып, өзгеріп кеткен. Жаныңды рахатқа бөлейтін осындай қызықты күндер көп болса ғой деп тілейсің.

Ешкімнің миына кіріп шықпайтын түрлі нәрселерді ойлап тауып, бәрімізді таңқалдырып жүретін Бекзат осы кезде шынымен естіді ме, жоқ әлде ойдан шығарды ма білмейміз, аяғына доптың тигені сол еді:

– Ананы қараңдар, – деді қыздар жақты нұсқап.

Бекзат айтқан жаққа жалт бұрылып қарағанымыз сол еді, ол біздің қақпаға рахаттанып тұрып бір гол соғып үлгерді. Допты қолға алып, қайта қарадық. Қыздар жақ шынымен

абыр-сабыр болып кетті. Қолдарын бұлғап, «бері келіңдер» деп шақырғандай болды. Қызықты өтіп жатқан ойынымызды қиып кете алмай, қайта жалғастырып ойнап кете бардық.

Бір кезде қасымызға Салтанат пен Гүлназ жетіп келді. Екеуі еңтігін басып сөйлей алмай:

– Ана жақта... ана жақта..., – дей берді.

– Не ана жақта?

– Айсұлу...

– Не болды?

– Айсұлу... суға ағып...

Бір жағдай болғанын сезе қойдық.

– Не қарап тұрсыңдар, жүр кеттік, – деп балалар бәріміз сол жаққа лезде жүгіре басып жетіп бардық.

Барсақ, судың жағасындағы адамның құшағы жетпес үлкен теректің тамырынан мықтап тұрып ұстап алған Айсұлу, жағаға ұрып соққан судың толқынынан ары-бері ырғалып, тербетіліп тұр екен. Не жылағанын, не айғайлағанын анық біле алмайсың. Өзеннің күркіреп аққан ағынды суы еш бір дыбысты естіртер емес.

Бізден бұрын барған Нұрбол желаяқ ағаштың басына әлдеқашан шығып кеткен. Жақындап барып Айсұлуға қолын созып көріп еді, жете қоймады. Қолын созған Нұрболға Айсұлу да ұмтылды. Бірақ ол да жете алмады. Қолы тайып кетіп, екінші бұтақтан ұстап тұрып қалды. Жан-жақтан айғайлап шыңғырған дауыстар, адамды сасқалақтатып, одан әрі зәреңді алады.

Нұрболдан кейін ағаштың басына бағана бәрімізді елең еткізген Бекзат шыққан. Бір жерден екінші жерге секіре бастады. Тағы бір қарғып еді, табаны тиген жіңішке бұтақ сынып кетіп, жерге арқасымен оңбай құлап түсті.

Анадай жерде жандарын шүберекке түйіп қарап тұрғандар, бұл көріністі көргісі келмегендей, алақандарымен беттерін жауып теріс бұрылып тұра қалған. Ендігі кезек кімдікі екен дегендей, қыздар бір-біріне



қарай бастады. Қолыма ұстап тұрған «адида-сымды» үстіме кие салып, ағаштың басына секіріп шықтым. Алақандарымен беттерін жауып қарап тұрғандардың жүректері орнына түскендей болды. Қолдарын түсіріп, үміттене қарай бастады.

Көрші үйдің балаларымен күнде ағаштардың басында «шүр» ойнап жүргендіктен, бұл іс маған еш қиындық тудыра қоймады. Ағаштың үстіңгі жағымен өрмелеп келіп, астыңғы Айсұлу тұрған жерге секіріп түстім. Мен ұстаған бұтақ алдымен екі адамды көтере ала ма екен дегендей, Айсұлудың сол қолынан ұстап, өзіме қарай тартып көрдім. Көтере алатын сияқты. Қайта төмен еңкейіп, Айсұлудың сол қолынан ұстап жоғары көтере бергенімде, бір қолым байқаусызда тайып кетіп, құлап кете жаздадым. Енді басқа әдісті қолдануым керек. Сол қолыммен шашынан мықтап орап ұстап, қайта жоғары көтердім. Өзіме қарай тартып шығарып алдым да, ағашты жағалай жүріп келіп, жерге түсіріп алдым. Жанар апай кеудесін басып, аузына үрлеп дем беріп, алғашқы медициналық көмегін көрсетті. Басын көтеріп көзін ашқан соң, ортаға ағаш отын үйіп, от жақтық.

Бәріміз отты жағалай қоршап алып, бұл оқиғаның қалай болғанын бір-бірімізден сұрай бастадық. Сөйтсек, оқиға былай болған екен. Айсұлу мен Салтанат өзеннің жағасында әңгімелесіп отырып, суға тас ата бастайды. Ақыр соңында екеуі алысқа кім көп тас лақтырғаны туралы айтып, бір-бірімен дауласа кетеді. Айсұлу өзінің алда екенін дәлелдегенімен, Салтанат оны мойындағысы келмей, Айсұлудың жағаға шешіп қойған аяқ киімін алып, суға лақтырып жібереді. Содан келіп міне, осы дау-дамайдың туындап отырғаны.

Күнге кепсін деп ағашқа жайып қойған «адида-сымды» арқасына жауып, қасына келіп отырғаным сол еді:

– Рахмет,-деді басын иығыма қойып жатып. Бойымды тоқ ұрып кеткендей болды. Жалма-жан басымды жұлып алып:

– Не үшін?– дедім.

– Судан құтқарып алғаның үшін, – деді. – Мен сенің бұл ерлігіңді өмір бойы ұмытпаймын. Білесің ғой. Мен бір үйдің тұңғышымын. Егер бағана мен суға ағып кететін болсам, не болатын еді? Әкемнен айырылып, үйде қайғы жұтып отырған жалғыз шешем мен кішкентай ініме бұл жағдай тіпті ауыр тиетін еді ғой.

Ойын басқа жаққа бұрғым келіп, алақаныммен су алып бетіне шашып жібердім.

– Ой, бұның не, – деп орнынан қарғып тұрды.

Бас салып ұрса ма екен деп ойлап тұрғам. Жоқ, олай болмады. Керісінше екеуміз бір-бірімізге су шашысып ойнап, жағалауды жағалай жүгіріп кеттік. Бағанағы Олжасқа тергізбеген гүлдерін, ендігі кезекте маған тергізе бастады. Мен де оның айтқанын екі етпедім. Бар өнерімді салып, түрлі-түсті гүлдерден шашына тәж тоқып тағып едім, тіпті көңілденіп кетті.

Екеуміз онаша отырып ұзақ әңгімелестік. Баяғыдай емес, қалаға барғалы Айсұлу өз ойын қашан да ашық айтатын болған. Көңіліңе келсін, келмесін, бетіңе сарт еткізіп айта салады. Оның бұл қылығы өзіне жарасып тұрғандай.

Айсұлудың қасында отырып, көп нәрсе есіме түсе бастады. Менің қасымда отыратын Перизат, сені бір қыз қатты жақсы көреді деп жиі айтатын. Перизаттың сол айтқан қызы осы Айсұлу. Дәл қазір қасымда отыр. Онда не тұрыс. Айсұлудың отбасы ол кезде қалаға көшіп кеткен. Соның ыңғайы енді келген сияқты. Айсұлудың өзінен сұрап білгім келді. Енді сұрай берейін десем, екінші бір әңгімені бастап кетіп, әрең тоқтайды. Ештеңені ұмытпапты. Соған қарағанда, ол да мені әлі



ұнатуы мүмкін ғой. Осыншама өзіме не деген сенімді едім?!

Бүкіл дүние күннен күнге жаңарып өзгеріп отырса, адамдарда сол сияқты өзгермей ме? Мүмкін, өзгермейтін шығар? Жо-жоқ, мүлдем олай емес. Өзгереді. Дүние де жаңарады. Адамдар да өзгереді. Адамдар да бұрынғы ойлаған ойларымен мүлдем қатып қалмайды. Олар да өзгереді. Жаңа орта, жаңа атмосфера. Егер өзгермесе-ше? Онда мен сұрағалы отырған сұрақтың жауабы дәл шығуы мүмкін. Нар тәуекел! Тағы да оқталдым. Әңгімеден аузы босар емес. Сол кезде неге ғана Айсұлудың өзіне барып дұрыстап сұрамадым екен? Мүмкін, оның реті енді келген шығар? Тағы да оқталдым. Қанша ұмтылсам да, батылым барар емес.

Шөптердің арасын сытырлатып, қасымызға Салтанат келді. Сендерді Жанар апай тамаққа шақырып жатыр, жүріңдер деп қайтадан теріс бұрылып, жүгіріп кетті. Екеуміз күлкілі әңгімелер айтып мәз болып келгенімізде, сол жердегі отырған барлық ұл-қыздардың екі көздері бізде еді. Айсұлуды төр жақтағы Перизаттың қасындағы бос орынға апарып отырғызып, өзім төменгі жаққа келіп отырдым.

Шәй-тамағымызды ішіп болғаннан кейін, ауылға қайтатын болдық. Жүктерімізді машинаға апарып тиеп, жинала бастадық. Жанар апай қайтарда Айсұлуды қасына алып, машинаның алдыңғы кабинасына отырғызды. Ал менің ішім өртеніп барады. Бағаналы бері қасында жүріп, бір ауыз сөз сұрай алмадым. Енді қашан келерін бір құдай біледі.

Ауылға жеткен кезде де, жөнді сөйлесе алмадық. Жанар апай бәрімізді машинамен үйді-үйімізге апарып «болыңдар, болыңдар» деп қарап тұрғаннан кейін:

– Ал, сау бол, әлі кездесеміз ғой,-деп бетімнен шөп еткізіп сүйіп алды да, атасының үйіне жүгіріп кіріп кетті.

Одан кейін қайтып кездесе алмадық. Мектептегі алғашқы бес жылдыққа да келмеді. Он жылдықта тағы күттім. Онда да келмеді. Естуімше, тұрмысқа шығып кеткен. Кімге шықса да бақытты болуын тілеп, қала бергем.

Аяқ-қолын ұқалап, аузына үрлеп дем бергенде барып көзін ашты. Қасына жақындай келіп, тағы қарадым. Қап-қара қас – кірпігі өзіне жараса кеткен. Өйткені мен оған бетпепет қарап тұрған едім. Көзін ашып, сәл есін жиғандай болды да:

– Алмас, бұл сенбісің? –деді.

– Иә, бұл менмін.

– Маған не болды?

– Сәл есінді жи... Сосын...

Тізерлеп отырған бойы бір-бірімізді күшақтай алдық. Айырылар емес. Құшағымызды қайта ашып, бір-бірімізге қайта қарадық.

– Алмас, бұл шынымен сенбісің?

– Иә, менмін.

– Сене алар емеспін. Дәл баяғыдай болды ғой. Дәл баяғыдай.

– Иә, дұрыс айтасың. Дәл баяғыдай болды. Дәл баяғыдай. Сен ол кезді әлі ұмытпадың ба?

– Жоқ, неге ұмытамын. Ол кезде де сен менің қасымда болғаның. Кәзір де қасымдасың. Қиналған кезде ылғи сені ойлайтынмын. Бірақ өмірде, неге?..

Ойын басқа жаққа бұрғым келіп, алақаныммен су алып бетіне шашып жібердім. Селк етіп орнынан қарғып тұрды да, ол маған да алақаныммен су алып бетіме шашып жіберді. Бір-бірімізге су шашысып ойнап, жағалауды жағалай жүгіріп кеттік.

Айнала қоршап тұрған адамдар бір-біріне үн-түнсіз қарап тұрды да, түк түсінбегендей олар да жан-жаққа кете бастады.



«Бесік баласы бес түлейді...»



**Нұрғайша
ЕРЕЖЕПОВА,**
тәлімгер ұстаз.

«Балам-балым, баламның баласы-жаным»-деп қазақ халқы айтқандай, көптен күткен немереге де ерніміз тиді. Ақ түйенің қарны жарылып, қуанышқа кенелдік. Өмірге немерем келді, есімін де өзімнің есіміме ұйқастырып Айша атадым. Бізден бұрын немере көрген үлкендер «әлі өз немерең болғанда көресің, бәрінен асып кетеді» дейтін. Сол кезде «баладан баланың артықшылығы болушы ма еді, тәп-тәтті, бірінен-бірі өтетін жиендерім бар ғой» дейтінмін. Кейбірі «ия, бәрібір емес пе, келініне жағыну үшін айтады» деп күлкіге айналдыратын.

Қазақ халқы қыздан туған балаларды жиені деп бөліп жатады ғой, әйтпесе балаңнан туған бала бөтен болушы ма еді. Өзіміздің 4-қызымыздан Алла берген Руслан, Темірлан, Данеля, Ділназ, Илияс, Ділнара, Мирас, Іңкәр, Санжар есімді жиендерім бар. Бірінің атын атап, бірін атамасам өкпелейді, бірінен бірі өтеді, оларды жақсы көрем. Жиенімнің алды Руслан 11-сыныпта оқиды, төрт жыл өз қолымда оқыды, оның орны ерекше. Өзім немерем туардан екі айдай бұрын, бауырыма ота жасатып ауруханадан келдім. Екі айдан соң немерем дүниеге келді. Келісімен көптен күткенім осы еді ғой деп, әрі келінім Әйгерім жас, оның үстіне тұңғышы болғандықтан, денсаулығыма қарамай баланы өзім шомылдырып, сылап, сипап бақтым. 20 күн өткен соң, бесікке салдым. «Бесік баласы бес түлейді» деген қағиданы да еске алып, пайдасының мол екендігін ескерттім. Қырық күннен соң қырқынан шығарып, өзімнің әжелік парызымды өтедім.

Балалы үй базар демекші, мектептен шаршап келгенде немерем Айшаны көргенде, бар шаршағаным ұмыт болады. Міне, нағыз бақыт.


Өзім де көп балалы отбасынан шықтым. Отбасында 10 бала болды. Біз де әжеміз Күлшаттың бауырында өстік. Әкеміз Шону бригадир болатын. Келім-кетім кісі көп, қонақ күту, тамақ жасау, нан пісіру – бәрі анамыз Мәкештің мойнында болатын.

Әжеміз Күлшат ісмер, шебер еді. Ол кезде әлі де болса таршылық, киім-кешек, керек-жарағымыздың бәрін әжеміз өзі тігіп, бүтіндеп отырушы еді. Одан калды, елдің де керек-жарағын тігіп беретін. Бәріміз

әжеміздің бауырында өстік, сол кісінің баласымыз деп жүретінбіз. Біз ата-анамызға жолай қалсақ, әжеміз қызғаныш қылатын, сол себептен де жақсы көріп тұрсақ та, әжеміздің көңіліне қарап, ата-анамызға жоламауға тырысатынбыз. Осы орайда өзімнің өмірден түйгенім, осы жағынан үлкендердің тарапынан қателік бар ма деп ойлаймын. Ата-анасы мен баласының арасындағы мейірімділік, бауырмалдық, балалық махаббаты жетіспей жататын сияқты. Кейін өскенде де жақсы араласа алмай жататынына куә болдым.

Кейін өзім де үлкен адамдардың қолына келін болып түстім. Кішкентайлы болдық, өзім мектепте жұмыс істедім. Балалардың бәрі де әжесінің бауырында өсті. Сол кісінің арқасында жұмыстан қол үзгенім жоқ. «Қариясы бар үй – қазына» дейді ғой, осыны құптаймын. Балаларды өсіруге көп көмегі тиді. Балалар әкесін «әтәй» десе, мені «тәте» деп өсті. Бізге аға, жеңге сияқты қарады. Үлкендерді сыйлап, сол кісілердің көңіліне қарап, балаларды жақсы көріп тұрсаң да еркелетіп, үлкендердің көзінше сүйіп, иіскемейтінбіз. Сол себептен де мен өз немеремді ата-анасынан бөлмей, керісінше жақындастырып, бауырмал болып өсуге тәрбиелесем деймін. Немеремді ұлым мен келіміне саған тартыпты, айнымаған дәл өзің деп айтып отырамын. Оларды мақтап отыру, арасында жылы шуақ орнату менің мақсатым деп ойлаймын. Бала мен ата-анасының арасында махаббаттың берік болуына үлес қосқым келеді. Ата-анасынан тәрбие алған бала, әрине, ақылды, еңбекқор болатынына сөз жоқ. Сонымен қатар ата-аналар немерелері мен әке-шешелерінің арасындағы сүйіспеншілік пен бауырмалдықтың берік болуына атсалысуы қажет. «Бала тәрбиесі – бесіктен» екенін ұмытпайық, ағайын.

**Солтүстік Қазақстан облысы,
Айыртау ауданы,
Егіндіағаш ауылы.**



ӨЛЕҢГЕ ӘРКІМНІҢ-АҚ БАР ТАЛАСЫ...

Ақындықпен қатар сазгерлік өнері де бойынан табылған Раушан Тәшімбетова --- қасиетті Қазығұрт ауданының тумасы. Шыршық қаласындағы индустриальдық техникумның түлегі. Қазіргі таңда қарт Қаратаудың тәжі саналатын – көрікті Кентау қаласында тұрады. Сондағы трансформатор зауытында жұмыс істейді. Ұлы Абай атамыз айтпақшы, «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...» дегендей, техникалық мамандықтың иесі болуына қарамастан ол поэзияны өзіне серік еткен жан. Өлеңдері «Жалын» журналында, басқа да бірқатар баспасөз беттерінде жиі жарияланып жүр. «Қыр гүлі», «Өмір толқындары», «Көңіл толқындары», «Жырларым, жауһарларым» атты төрт жыр жинағы мен бірнеше әндердің авторы. Жаңа кітабына айтулы ақын, Қазақстан Жазушылар одағының

мүшесі Әмзе Қалмырзаұлы «Қос қанатың талмасын!» деген тақырыппен алғы сөз жазыпты: «Раушан қалқам, ақындық-тұлпарға қонған екенсің, жетегіндегі сазгерлік-сәйгүлігіңді де кейін қалдырмай өмірдің алыс сапарында олжалы бол! Биіктердің шапағатты алақаны жүрегіңнің көз жасын сүртіп, құрғатсын. Өміріңе көңілің толсын! Өнердің жүгі ауыр, жолы -- бұралаң. Әсіресе әйел баласы үшін. Ұзақ, ұзақ жаса...

Бұл ақын ағаңның сөзі -- өзіңнің оқырмандарыңның да тілегі дегейсің», -- деп өзінің ақ батасын беріпті.

Таяуда өткен жылы Алматыдағы «Мерей» баспасынан шыққан Раушан Тәшімбетованың «Жырларым, жауһарларым» атты жыр жинағымен танысудың сәті түсті. Бұл кітап «Аяулы елім, аман бол қиянаттан»,



«Естен кетпес есімдер», «Көңілдегі толқулар», «Сезім қанатында» (әндер) деп аталатын төрт бөлімнен тұрады. Ақын өз өлеңдерінде туған жер, танымал тұлғалар, өмір, тіршілік туралы нәзік сырлы сезімге толы әсем сазды лирикасымен сыр шертеді. Жалпы алғанда, өлеңдері тәп-тәуір-ақ. Ақынның қуаныш-қайғысы, ішкі жан тебіреністері әдемі өрілген. Ұйқас, ырғақ, екпін, буын дегендердің бәрі-бәрін сақтай білген. Жазғандары көңілге ой салып, жүрекке жол табады. Мәселен, Махаббат жайлы өлеңінде (58 бет):

Бір шыбыққа кеп байланып жатса бір шыбық,

Жалғасып әуен, соғады жүрек құлшынып.

Махаббат деген құмарлық емес қарағым,

Махаббат деген, махаббат деген тіршілік

... - деп оқырманын айрықша сезімге бөлейді.

Тағы бір өлеңінде (15 бет):

Кімді енді кінәлап, айыптаймыз,

Айыптасақ, қарсы аққан қайықтаймыз.

Құрбан болған жазықсыз мұңлықтарды

Деуден неге оралман айықпаймыз?

Ел төрінде атқызған таңды рас деп,

Қазақ деген бойдағы қанды рас деп.

Құрбан болған жазықсыз мұңлықтарды

Жарасады-ау атасақ қарлығаш деп, --

«оралман» сөзін «қарлығаш» деген атауға ауыстыру жөнінде тың ой тастайды.

Ақынның арнау өлеңдері де терең ойлылығымен өзіне баурайды. Халқымыздың біртуар асыл перзенттері -- Майқы би, Сұлтанбек Қожанов, Саттар Ерубаевпен қатар күні кеше ғана арамыздан кеткен акеділ ақын Әбілда Аймаққа арнаған өлеңдерін тебіренбей оқу әсте мүмкін емес. Әттең, Саттарды Сәттар, Әбілданы Әбілдә деп жазғаны дұрыс болмапты.

Қазақтың Қадырына айналған Қадыр Мырза Әли: «Ақынға керек көп ақыл, Асаулық керек аздаған», -- деп бекер айтпаған. Өз орнында қолданылмаған тыныс белгісінің өзі бір адамды о дүниелік еткенінен бәріңіз хабардар болсаңыздар керек. Ақ патшаның «Помиловать, нельзя казнить!» («Кешіруге, болмайды дарға асуға!») деген рақымшылық жарлығындағы үтірдің орнын ауыстырып, оны капелімде «нельзя» («болмайды») деген сөзден кейін қойып жіберген сауатсыз хат тасушының кесірінен бір байғұстың ғұмыры мерзімінен ертерек қиылған екен. Өкінішке орай, жүрегі ән-жырға толы ақынның туған тілімізді жан-тәнімен беріле сүйгенімен, оның ереже, қағида, заңдылықтарын терең білмеуі бізді қатты қынжылтты. Тыныс белгілерін дұрыс қолданбау, жалғау, жұрнақ, шылау, қос сөз дегендерді бір-бірінен ажырата алмау сияқты кемістіктерді бұл жыр жинағының өн бойынан көптеп кезіктіруге болады. Ішінара грамматикалық қателер де баршылық. Осы орайда, «Тыныс белгілерін дұрыстап қойып беретін филолог маман табылмаған ба, әлде кітап редакторы Ғалым Қалибекұлы қайда қараған?» деген сауал өз-өзінен туындайтыны айдан анық.

Ақын өлеңдерінде сөз, ой қайталаушылық көп ұшырасады.

Мәселен:

Өз анаңдай өз тіліңді құрметте,

Кірлетуге хақың да жоқ, кірлетпе.

Отан, ана тілім, дінім -- байлығым,

Лайықты олар барлық сый мен құрметке (6 бет);

немесе:

Аспан да ортақ, таң да ортақ,

Тәртіп те ортақ, заң да ортақ.

Бірліктің туы астында

Шырқатып салған ән де ортақ (8 бет);

әйтпесе:

Жау жаманы өзіңнен шыққаны екен,



Бабаларым мұны ерте ұққан екен.
Өз туына өздері қоқыс салған
Пенделерім әдептен тысқары екен (9 бет);
енді бірде:

Адамдар бар қаншама сөзі маржан,
Сөзі маржан болғанда өзі маржан.
Адамдар бар қаншама сөзі құнсыз,
Сөзі арзанның болады өзі де арзан (13

бет);

не болмаса:

Басқа есік еді ашпағым,
Ашылды алдан басқа есік.
Ырым қып аштым, жаппадым,
Бұл-дағы қонған бақ десіп (50 бет);
әйтпесе:

Бақыттымын, мен бүгін бақыттымын,
Ашты өмір өлеңмен бақыт сырын.
Айқындалып күн сайын келе жатыр
Мынау ғажап әлемге ғашықтығым (64

бет);

енді бірде:

Өлең бердің, бір жағы қинап қойдың,
Жоғалттым мен бәрін де жинақты ойдың.
Қу өлеңнің соңынан сенделем деп
Тұрмыс, тірлік бір шетке жинап қойдым

(71 бет);

не болмаса:

Сағына атқан жағымды таңға алданам,
Жадыратқан жанымды әнге алданам.
Ұшырамын үкілеп арманымды
Биігіне биіктің жан бармаған (84 бет);

тағы бірде:

Неге жетім көбейді, кім айыпты,
Кімге апарып таңамыз сұм айыпты?
Періштедей бейкүнә сәбилердің
Барлығы да бақытты болуға лайықты!

(103 бет)

деген өлең шумақтарындағы «құрметте»,
«құрметке», «кірлетуге», «кірлетпе», «тіліңді»,
«тілім», «ортақ» (бес рет), «өзіңнен», «өз»,
«өздер», «екен» (үш рет), «адамдар бар» (екі
рет), «қаншама» (екі рет), «сөзі» (төрт рет),

«маржан» (үш рет), «болғанда», «болады», «өзі»
(екі рет), «арзанның», «арзан», «басқа есік»
(екі рет), «ашпағым», «ашылды», «аштым»,
«бақыттымын» (екі рет), «бақыт», «өлең»,
«өлеңнің», «бір» (екі рет), «жинақты», «жи-
нап», «алданам» (екі рет), «жанымды», «жан»,
«биігіне», «биіктің», «айыпты» (екі рет), «кім»,
«кімге» сөздері тым орынсыз қайталанған
сыңайлы.

Ал ақынның «ашық жатыр, батып жа-
тыр, шашып жатыр» (30 бет), «сыр жатыр, жыр
жатыр» (32 бет), «жайлауда жүр, байлауда тұр»
(36 бет), «күтіп жатыр, тұтып жатыр, бітіп жа-
тыр» (42 бет), «ән сап жатыр, шаршап жатыр,
тарқап жатыр» (43 бет), «шөгіп жатыр, бөгіп
жатыр, төгіп жатыр» (44 бет), «түйіліп тұр,
құйылып тұр, иіліп тұр» (64 бет), «төгіп жатыр,
сөгіп жатыр, шөгіп жатыр» (65 бет), «ұрып ке-
лем, күліп келем, жүріп келем» (69 бет), «айым
да тұр, жайып жатыр» (84 бет) деуіне жол бол-
сын! Мұндай сөз тіркестері негізінде ауызекі
тілдескенде болмаса өлеңге өрнек салмайтыны
баршаға түсінікті ғой.

Немесе:

Қайда жылдар, қайда сол сәтті күндер,
Қиялданған армандап тәтті күндер?

Қалғандаймын қанатым жараланып,
Боран ұлып, көңілді басты құм, жел

(54 бет), – деген шумақтағы «сәтті
күндер», «тәтті күндермен» «басты құм, жел»
онша ұйқасып тұрмағандай.

Осындай азын-аулақ кемшіліктерін
сөз етпегенде, ақынның жаңа жыр жинағы
көпшілікке ой салатындай көркем дүние екен.

Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік университеті фило-
логия факультетінің IV курс студенті.

Шымкент қаласы.

Редакция мекенжайы:
050009. Алматы қаласы.
Абай даңғылы, 143, 6-қабат.
Телефондар:
бас редактор – 394-41-34,
бөлім – 394-37-27
компьютер
бөлімі – 394-37-87

www.urkerkaz.kz
E-mail: Urker_2010@mail.ru,

Журнал Қазақстан Респуб-
ликасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 06.04.2009 ж.
қайта тіркеліп, № 10017-ж
күзлік алған. Айына бір рет
шығады.

Басуға қол қойылды: . 2016
Қағазы офсеттік. 4,2 баспа
табақ. Форматы 84x108/16.
Таралымы . Тапсырыс №1000.
Бағасы келісімді.

Редакцияға түскен шығарма-
лар рецензияланбайды. Қолжазба
қайтарылмайды. Көшіріп басқан
жағдайда «Үркерге» сілтеме жа-
сау міндетті.

Жарияланған дүниелердегі де-
ректердің нақтылығына автор-
лар жауап береді.

«Үркер» журналында жар-
ияланған материалдардың ав-
торлық құқы «Қазақ газеттері»
ЖШС-не тиесілі.

Журнал «Қазақ газеттері»
ЖШС-нің компьютер орта-
лығында теріліп, беттеліп,
«Дәуір» ЖШС-нің Республикалық
полиграфиялық баспа комплек-
сінде басылып шықты. Алматы
қаласы, Гагарин даңғылы 93.

Тел. 394-39-22, 394-39-24
«Үркер», №5 (93), 2016 ж.

Бәйге Бәйге Бәйге



«Үркер» – Үміт» бәйгесі

«Қазақ газеттері» ЖШС-ына қарасты жастардың әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси «Үркер» журналы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай шығармашылық жастарды қолдау мақсатында проза, поэзия, публицистика жанры бойынша бәйге жариялауды жалғастырады. Осы уақытқа дейін шығармашылық бәйгеде бақ сынаған 10 талант жеңімпаз деп танылып, «Үркердің» арнайы дипломдарымен қоса бағалы сыйлықтармен марапатталған болатын. Сондай-ақ жүлдегер шығармалар «Үркер» жаққан он шырақ» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді.

Бәйге шарттары:

Үміткерлер проза жанры бойынша 1 әңгіме, поэзия жанры бойынша 5-7 беттік шағын жанрдағы туындылар (дастандар мен толғаулар қабылданбайды), публицистикалық бағытта 1-2 мақаламен (көлемі 7 беттен аспауы тиіс) қатыса алады.

Шығармалар Urker_2010@mail.ru электронды мекенжай арқылы қабылданады.

Байланыс телефондары:

394-41-34, 394-37-27

Мобильдік байланыс

8-702-655-42-68.

Бәйге қортындысы жыл аяғында Тәуелсіздік күні қарсаңында жарияланатын болады.

Іске сәт, жас талант!



Мазмұны

Серік БЕРДІБЕКОВ

Жаңа заң – жаңа тәртіпті талапты етеді 1

Айжан ҚОЖА-АХМЕТ

Толғауы тоқсан Ана тіліміз 5

Әлия ІҢКӘРБЕК

...Мен болып сені күтті үміт..... 8

Нұрлан ҚҰМАР

Айнамкөлдiң айтылмаған сыры 12

Алпамыс ФАЙЗОЛЛА

Бақбақ гүл сезім 16

Динара МӘЛІК

*Қалжырап қалған қаладан,
Тұнжырап ауып бара ма ән...* 19

Салтанат ҚАЗЫКЕН

Шапта кие бар... 22

Кітап оқу – өзіңді оқу..... 25

Наурызбек САРША

Қазақ блогерлерінің қарымы қуантады..... 32

Камила БОРАШОВА

Бір адам жаман болса, оған замандасының бәрі «виноват..... 37

Жеңісбек КӨКЕНОВ

Иірім..... 39

Нұрғайша ЕРЕЖЕПОВА

Бесік баласы бес түлейді 43

Қарлығаш ҮСЕНҚҰЛОВА

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы... 44